



ЖАҢАРҒАН, ЖАСАРҒАН, ЖАУҒАР ҚАЛА

6


ҚАЛА ТЫНЫСЫ



ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДА КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

7

МӘСЕЛЕ



БОЙДАҚТАРҒА САЛЫҚ САЛУ КЕРЕК ПЕ?

12

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

«МЫҢ ТҰЯҚТЫҢ ДҮБІРІ...»

Алматыда Ұлттық домбыра күні қалай тойланады?

Қазақстанда шілденің бірінші жексенбісінде Ұлттық домбыра күні тойланады. Осыған орай Алматыда 7 шілде күні сағат 20.00-де Республика сарайының алдындағы Абай алаңында «Аңыз домбыра» концертті өтеді.

Халық ақыны Қадыр Мырза-Әлі: «Мың тұяқтың дүбірі – бір тұяқтың саусағы» деп жырлағандай, аталмыш концерт сахнасында Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Секен Тұрысбек, Айгүл Қосанова, Асылбек Еңсепов, Шолпан Даржанова, Әбділхамит Райымбергенов, Нұркен Әшіров, Ардақ Балажанова, Нұржан Жанпейісов, «Қоңыр» тобы, «Сазген» фольклорлық-этнографиялық ансамблі, «Салтанат» би ансамблі және т.б. өнер көрсетеді.

Танымал әнші-композитор, күйшілердің – Кенен Әзірбаев, Төлеген Момбеков, Әсет Бейсеуов, Мейрамбек Жанболатов және т.б. халық әндері мен шығармаларын орындайды. Бұған қоса, шаһар тұрғындары мен қонақтары мерекеге орай ұйымдастырылған мәдени іс-шараларды тамашалай алады. Сондай-ақ, қаланың барлық ауданында Ұлттық домбыра күніне арналған бірқатар мәдени іс-шара өтеді:

– Алатау ауданында 4 шілде күні сағат 15.00-де Alatau Creative Hub – Алматы кітапханасында Қазақстан халқы Ассам-



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

блеясымен бірлескен іс-шара өтті. Мерекелік бағдарламада шығармашылық ұжымдардың өкілдері сөз сөйлейді. Іс-шараның басты мақсаты – этносаралық қатынастарды нығайту және қазақ мәдениетін насихаттау. Сонымен қатар, 5 шілдеде сағат 11.00-де Мультимедиялық дәстүрлі музыканың орталығында «Қазағымның жүрегінен жаралған, Бабамыздың үнісін

сен – домбыра!» концерттік бағдарламасы ұйымдастырылады.

– Әуезов ауданында 5 шілдеде, сағат 11.00-де «Family» саябағында концерт өтіп, эстрада артистері Құрманғазы, Дәулеткерей және Тәттімбет шығармаларын орындайды. Сонымен қатар, «Сарыарқа» скверінде сағат 11.00-ден 16.00-ге дейін қолөнер жәрмеңкесі өтеді.

4

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №54 (6505) 5 шілде, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

АСТАНА – ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢА ФОРМАТЫН ҰСЫНДЫ

Тәуелсіздік сарайында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер
басшылары кеңесінің отырысы өтті



Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы (ШЫҰ) 2001 жылы аймақтағы қауіпсіздік пен ұжымдық қауіпсіздікті бірлесіп қалыптастыру мәселелерін талқылау үшін Қытай мен Ресей, Қазақстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан елдері бастамасымен құрылды. Бүгінгі таңда ұйым мүшелері саны артып, тұтас Еуразия құрлығында іргелі қауіпсіздік ұйымына айналып отыр. Бас қаламыз Астанада ШЫҰ тұрақты мүшелерімен қатар бақылаушы статусындағы елдер басшылары жиналып, халықаралық саясаттағы маңызды мәселелерді талқылауда.

2

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

5.07.2024

Түнде:



+16+18 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+28+30 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 15м/с

6.07.2024

Түнде:



+16+18 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші
жаңбыр, найзағай.

Күндіз:



+26+28 °C
Көшпелі бұлтты, өткінші
жаңбыр, найзағай.



Желдің жылдамдығы:
3-8, найзағай кезінде екпіні 15м/с

www.almaty-akshamy.kz



«ШЫҰ ПЛЮС» КЕЗДЕСУІ
2024 жылғы 4 шілде«SCO PLUS» MEETING
4 July 2024

ASTANA-2024

ВСТРЕЧА «ШОС ПЛЮС»
4 июля 2024 года«上合组织+» 会议
2024年7月4日

САРАПТАМА

АСТАНА – ЖАҒАНДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ЖҮЙЕСІНІҢ ЖАҢА ФОРМАТЫН ҰСЫНДЫ

Тәуелсіздік сарайында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы өтті

(Басы 1-бетте)

Бүгінде Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы құрамында 9 мүше, 3 бақылаушы және 14 диалог жөніндегі серіктес ел бар үлкен ұйым. Әлем халқының 45 пайызын қамтиды. Жалпы, ішкі өнімнің 25 пайызы мен сауда-саттықтың 15 пайыз осы саяси бірлестікке тиесілі. Осыдан-ақ халықаралық саяси аренадағы орнын бағамдауға болады.

1996 жылы Қазақстан, Қытай, Қырғызстан және Ресей мен Тәжікстан бас қосып, бестік құрады. Ол «Шанхай бестігі» деп аталды. Мақсаты – шекара аумағында қарулы күштерді азайтып, әскери салада сенім мен келісімді нығайту. Бірақ араға 5 жыл салып, ұйым қатарына Өзбекстан қосылды. Сол кезден бастап «бестік» Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы деп аталып, тұрақты үкіметаралық қызметі қызы түсті. Бірте-бірте шекарасы кеңіді.

Бұл жолғы Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының XXIV саммитінің мазмұны ерекше болып отыр. Біріншіден, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының қамту аймағы батысқа қарай, құрамына Белоруссияны қосу арқылы ұлғайып отыр. Екіншіден, бұл жолы Астана қаласында өтіп жатқан келелі саммитке РФ президенті Владимир Путин, Қытай төрағасы Си Цзиньпин, Пәкістан премьер-министрі Шехбаз Шариф, Өзбекстан президенті Шавкат Мирзиёев, Тәжікстан президенті Эмомали Рахмон және Қырғызстан президенті Садыр Жапаров пен Беларусь президенті Александр Лукашенко қатысуда. Сонымен қатар, ШЫҰ саммитінің құрметті қонақтары ретінде Түркия президенті Реджеп Тайып Ердоған мен Әзербайжан президенті Ильхам Әлиев бар. Саммитке БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің қатысуы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының жаһандық саясаттағы ықпалының артқанын көрсетеді.

Қазақстан, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына 2023-2024 жылдары арасында төрағалық етті. Қазақстанның төрағалық жылдарында Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы аясындағы құқықтық заңнамалық тұрғыдан бірнеше маңызды құжаттарға қол қойылып, ұйымның жұмысы жаңа өзгерістерді бастан өткерді.

Соңғы жылдары халықаралық саясатта Астана саммиті нәтижесінде, Беларусь Республикасының ШЫҰ-ға толыққанды мүше болуы туралы шешім қабылданды. Осылайша ШЫҰ-ның құрамы 10 мүшеге дейін өсіп, келесі елдерді қамтыды: Беларусь, Үндістан, Иран, Қазақстан, Қытай, Қырғызстан, Пәкістан, Ресей, Тәжікстан және Өзбекстан. Тағы екі мемлекет – Ауғанстан мен Моңғолия бақылаушы мәртебесіне ие.

Қарқынды жаһандық өзгерістерге байланысты ШЫҰ алдында қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған маңызды міндет тұр. Ұйым аясының кеңею үдерісі жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, оны дамытуға тың серпін береді. Еліміз ШЫҰ-ға төраға ретінде Ұйымды ынтымақтастықтың бұдан да тиімді әрі көпжақты механизмінә айналдыруды көздейтін теңгерімді ұсыныстарын ортаға салды. Атап айтқанда, ШЫҰ Хатшылығы мен Бас хатшының рөлін күшейтуді құптауымыз деп Президент Қасым-Жомарт Тоқаев атап өтті.

Шанхай Ынтымақтастық Ұйымына төрағалыққа келесі жылы ҚХР сайланды. Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша биыл жаһандық экономиканың өсім қарқыны бәсеңдеуде. Әлем экономикасының өсіміне серпін беретін жаңа бағыт және мүлде басқа даму парадигмасы қажет екені анық. Сондықтан Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы аясында жаһандық қауіпсіздік пен экономикалық сауда айналымына байланысты жаңа парадигма ұсынылмақ. Жаңа парадигма негіздері, сауда-экономикалық кооперацияны кеңейтіп, капитал мен технологияның еркін қозғалысына жағдай жасау, климаттың сын-қатерлерімен күресуді ғана қамтып қоймай, ұйым аясында аталмыш құндылықтарды қамтитын болады.

Мәселен, Қазақстанның ШЫҰ елдерімен сауда көлемі өткен жылдың қорытындысы бойынша 6,5 пайызға өскен. ШЫҰ-ға мүше елдердің технологиялық базасы үлкен және экономиканың барлық маңызды секторларын дамыту үшін орасан зор нарығы бар. Арнайы салық, кеден және көші-кон режимдерінің әзірленуі аталған бағытта ілгерілеуге айтарлықтай септігін тигізеді.

Осы ретте ШЫҰ аясында Экономикалық жеңілдіктер базасын құру туралы Қазақстанның ұсынысы өзекті болып отыр. Ин-

вестициялық жобаларды талқылап, бекіту үшін бірыңғай алаң құру қажеттігі айқындала түсті. «Астана» халықаралық қаржы орталығының базасында Жобалық қызметті қаржымен қамтамасыз ету механизмін құруды ұсынылды. Қытай, Ресей, Үндістан, Өзбекстан, Қырғызстан қазірдің өзінде аталған алаңда белсенді жұмыс істеп жатыр. Жалпы, АХҚО резиденттерінің 20 пайызы – ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің компаниялары.

Жаһандық саясат архитектурасы күн сайын өзгеруде. Болашақта мүмкін болатын кез келген саяси өзгерістер мен мәселелерді тиімді шешу үшін көптаралық дипломатияға негіз болатын саяси институттардың ықпалы зор. Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының бұл тұрғыда тұтас Еуразия континентін біріктіретін бірегей институтқа айналмақ.

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысынан кейін саммит «ШЫҰ плюс» форматында жалғасты. Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Шанхай ынтымақтастық ұйымының халықаралық аренадағы рөліне айрықша тоқталды. Президент бейбіт және үйлесімді даму мәселесін ілгерілетуді ШЫҰ аясындағы көпжақты ынтымақтастықтың басты міндеті ретінде атап өтті. Мемлекет басшысы Азияның экономикалық тұрғыдан өркендеуіне көбіне ШЫҰ-ға мүше елдердің ықпалы зор екенін жеткізді. Сондай-ақ Қазақстан тарапы Қытайдың ішкі ауқымды нарығына ШЫҰ елдерінің қолжетімділігін арттыру және Ұйымға мүше елдермен тауар айналымын 3 триллион долларға дейін жеткізу ниетін құптады. ҚР Президенті сөзін қорытындылай келе, Қазақстанның ШЫҰ аясындағы және «ШЫҰ плюс» форматындағы жан-жақты әрі өзара тиімді ынтымақтастыққа бейілді екенін мәлімдеді. Сондай-ақ серіктес елдердің барлық конструктивті ұсынысы Ұйымның одан әрі қарқынды дамуына тың серпін беретініне сенім білдірді.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Қазақстанның ШЫҰ-ға төрағалығы кезінде түрлі деңгейде **150-ГЕ ЖУЫҚ ІС-ШАРА** өтті.



Қазақстанның ШЫҰ-ға төрағалығы кезінде ұйымның шарттық базасы **60 ЖАҢА ҚҰЖАТ**пен толықтырылды.



ШЫҰ-ға мүше мемлекеттермен бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін **10 ТУРИСТІК АУМАҚ** анықталды. Алматы қаласы ШЫҰ-ның мәдени және туристік астанасына айналды.



Астанада ШЫҰ саммиті барысында **25 ҚҰЖАТ**қа қол қойылды.



ШЫҰ кеңістігінде **3 МИЛЛИАРД**тан астам адам тұрады.



БАЙЫПТАМА

«АЛТЫН 30 ЖЫЛДЫҚ»

Қазақстан мен Қытай арасында 2050 жылдарға дейінгі стратегиялық әріптестікке қадам жасалды

3 шілдеде ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин елімізге мемлекеттік сапармен келді. Бұл – оның Қазақстанға жасаған бесінші ресми сапары. Биылғы сапары ШЫҰ-на мүше-мемлекет басшыларының 24-отырысымен тұспа-тұс келді. Ақордада өткен екі жақты, шағын және кеңейтілген құрамдағы кездесу нәтижесінде 31 құжатқа қол қойылды. Кездесулердің басты нәтижесі қазақ-қытай қарым-қатынасының «Алтын 30 жылдығына» бастау болды.

КӨПЖАҚТЫ ДИПЛОМАТИЯНЫҢ ЖЕМІСІ

Қазақстан ұлттық мүддені қорғайтын сыртқы саясатын жалғастыруда. Бұған өңірлік және көпжақты дипломатия арқасында жетіп отыр. Оның басты мәні тікелей әскери-саяси, геосаяси және геэкономикалық қақтығыстардан өзін алшақ ұстап, алға қойған мақсатына жету. Басты мақсат – Алматы қаласындағы БҰҰ хабына Тұрақты даму мақсаттары бойынша БҰҰ-ның Қазақстандағы өңіраралық орталығы мәртебесін беру және оның Орталық Азия мемлекеттері мен Ауғанстандағы қызметіне жәрдемдесу. Сондай-ақ, Қазақстанның Орталық Азиядағы көшбасшылығын нығайту.

Қазақ-қытай қарым-қатынасын осы контексте түсіну қажет. Себебі, Қытай еліміздің сыртқы саясаттағы басым бағыттарының бірі. 2020–2030 жылдарға арналған еліміздің сыртқы саяси тұжырымдамасында өңірлік және көпжақты дипломатия саласындағы басымдықтар ретінде келесі елдер көрсетілген: Ресей, Қытай, АҚШ, Орталық Азия, ЕО.

Бұл туралы Қасым-Жомарт Тоқаев та Си Цзиньпинмен болған кездесуде мәлімдеді. Оның айтуынша: «Қытай Халық Республикасы – тату көрші, маңызды стратегиялық серіктес әрі басты одақтас мемлекеттің бірі». Көрші ел басшысы да Қазақстанның сыртқы саясатын құрметтейтінін астарлап жеткізді. Ол: «Халықаралық жағдай қалай құбылса да, достықты сақтауға ұмтылысымыз, сан



қырлы ынтымақтастықты дамытуға деген табандылығымыз, негізгі мәселелер бойынша бір-бірімізді өзара қолдауға бейілділігіміз және ұлттық даму міндеттерін орындауға сеніміміз өзгермейтінін растағым келеді», – деді.

Бұдан бөлек, Си Цзиньпин Қазақстанның халықаралық аренадағы орта держава ретіндегі конструктивті рөлін қолдады. «Орта держава» ұғымы БҰҰ деңгейінде саяси шешім қабылдауға ықпал ету, Қауіпсіздік Кеңесін реформалауға ұмтылыстан пайда болды. Қытай Халық Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелерінің бірі. Сондықтан оның біздің бастаманы қолдауы БҰҰ-ның негізгі құрылымын реформалауға Бейжіңнің де мүдделі екенін аңғартады.

СЕНІМДІ ТІРЕК БОЛАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпиннің шағын құрамдағы кездесу барысында Қытай басшысы «Алтын 30 жылдық» жайлы: «Быттыр екеуіміз Сиань мен Бейжіңде екі рет кездесіп, жаңа жоспарларды белгіледік. Сондай-ақ, «алтын отыз жылдықта» қытай-қазақ қатынастарын қарқынды дамытудың негізгі бағыттарын

айқындадық. Қытай Қазақстанмен арадағы қарым-қатынасты әрдайым стратегиялық тұрғыдан және ұзақмерзімді перспектива деңгейінде қарастыратынын растағым келеді. Сондай-ақ, көршілес елдерге қатысты ұстанатын өзінің сыртқы саясатында Қазақстанға басымдық береді және Орталық Азиядағы маңызды серіктес ел санайды. Қытай-қазақ байланыстарын қамтамасыз етуде біздің ерік-жігеріміз бен ұстанымымыз өзгермейді және конъюнктуралық ықпалға ұшырамайды. Қытай әрқашан Қазақстанға сенімді тірек болатынын мәлімдеймін», – деді. Осылайша Қытай Қазақстанды Орталық Азиядағы көшбасшы ел екенін мойындай отырып, алдағы 30 жылға стратегиялық басым бағыттардың бірі болып қала беретінін мәлімдеп отыр.

Бұдан мынадай қорытынды шығаруға болады. Қазақстанға байланысты Қытайдың саясаты 2050 жылдарға дейін өзгермейді. Еліміздің сыртқы және ішкі саясатын құрметтеп, сенімді тірек болмақ.

МӘДЕНИ-ГУМАНИТАРЛЫҚ БАЙЛАНЫС БЕКІМЕК

Жалпы, Си Цзиньпин Төрағалық қызметке тағайындалғалы бері биыл бесінші

рет мемлекеттік сапармен елімізге келді. Бұған дейін 2013, 2015, 2017, 2022 жылдары келген. Барлық сапарлары Орталық Азия елдеріне тур немесе ШЫҰ кездесулері аясында ұйымдастырылған. Биыл бізден бөлек Тәжікстанға ресми сапармен бармақ. Қасым-Жомарт Тоқаевтың Си Цзиньпиннен кейін Тәжікстан президенті Эмомали Рахмонмен кездесуі де бекер емес.

Көрші ел басшысының логикасына сүйенсек әр екі жыл сайын Қазақстанға ресми сапармен келеді екен. Бұл дәстүр 2019 жылы бұзылды. Бұл бір жағы пандемиямен, екінші жағынан Қазақстанда басталған билік транзитімен байланысты болуы мүмкін. Қалай дегенмен, де соңғы екі ресми сапары қазақ-қытай қарым-қатынасының жаңа кезеңіне бастау болды.

Екі жақты кездесулердің соңында партияаралық, мемлекетаралық, ведомствоаралық және коммерциялық 31 құжатқа қол қойылды. Құжаттарды талдай келе, екі жақты қарым-қатынастың тереңдей түскеніне көзіміз жетеді. 2022 жылға дейін мемлекеттер сауда-экономикалық байланысқа аса мән берген. Одан бері мәдени-гуманитарлық байланыс күшейе түсті. Екі жақты визалық режимді алып тастау да мұның айғағы. Бұл азаматтардың еминеркін жүріп тұруына жағдай жасайды. Екі халық жақын тілдесуге мүмкіндік алды. Жалпы, визалық режимді алып тастау Қазақстан дипломатиясының жетістігі. Себебі, Қытай өзге әлемге ашыла бермейді. «Ашық есік» саясатының шығу төркіні де осында.

Енді Астанада Бейжің Тіл және мәдениет университеті филиалы мен «Лу Бань шеберханасы» ашылып, екі елдің ғылым және білім салаларындағы байланысы кеңеймек. Бұл бастамалар екі жаққа да тиімді.

Пердехан
ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



КОНФЕРЕНЦИЯ

«ҚҰМСАҒАТТЫҢ» ҚҰПИЯСЫ

Академик Саттар Фазылұлының монографиясы жарық көрді

ҚР Ұлттық кітапханасының Н.Дәулетова атындағы залында белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым-тарихшы және қоғамтанушы, Ресей жаратылыстану ғылымдары академиясының, «Халықаралық Ақпараттандыру академиясы» ҚБ академигі, тарих ғылымының докторы, профессор Саттар Фазылұлы Мәжитовтың 60 жас мерейтойына арналған «Интеллектуалды-цифрлық трансформация жағдайындағы тарих және әлеуметтік гуманитарлық ғылымдар» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция және мерейтой иесінің «Қазақ даласындағы халық-азаттық қозғалыс: Тарих. Теория. Тарихнама» атты монографиясының тұсаукесері өтті.

Ернұр РЫСБАЙ

Саттар Мәжитов – бүгінгі күнге дейін әлемнің 150-ден астам елінде 5 тілде таратылатын «Reflections on History» («Құмсағат») сериясы бойынша 500-ден астам фильмнің авторы және ғылыми кеңесшісі. Ол спутниктік оқыту арнасын жасаушылардың бірі және Қазақстан тарихы, дүниежүзілік тарих және мәдениет, тарихты оқыту әдістемесі бойынша 250-ден астам ғылыми-танымал және көркем фильмдердің авторы болып табылады.

Оның ғылыми қызметінің негізгі бағыттарына Қазақстанның жаңа және қазіргі замандағы теориясы, тарихы және тарихнамасы; тарихи білім беру; тарихи білім берудегі жаңа ақпараттық және цифрлық технологиялар; тарихты оқыту әдістемесі; Қазақстан мен Орталық Азиядағы халық-азаттық қозғалысының тарихы; Орталық Азияның тарихы, саясаты мен мәдениеті; Қазақстан мен ТМД елдерінің қазіргі тарихы жатады.

Қазақстандағы ЮНЕСКО-ның сертификатталған ұлттық фасилитаторы. Оның ұсынысы бойынша



«Жұқа нан және оны тарату мәдениеті» еларалық номинациясы қорғалды. Номинация сертификаты Қазақстанның Астанадағы Ұлттық музейінде сақталуда. 2019 жылы оның Париждегі ЮНЕСКО Штаб-пәтеріне сапарының арқасында Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесінде ЮНЕСКО-ның күзет мәртебесін сақтау және келісім бойынша жұмыстар басталды.

Іс-шараны Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры Зиябек Қабылдинов ашып, ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің құттықтау хатын тапсырды.

Конференция модераторы Алматы қаласы Азаматтық альянсының төрағасы Қайыржан Әбдіхалыков болды.

Алматы қаласының Мәдениет басқармасы мәдени көпшілік іс-шаралар ұйымдастыру бөлімінің басшысы Арман Халбеков сөз сөйлеп, ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев пен Алматы қаласы әкімінің орынбасары Бейбіт Шахановтың құттықтау хатын табыстады.

Сондай-ақ, ҚМДБ Төрағасының орынбасары Кенжеәлі Мырзабаев ҚР Бас Мұфтиі Наурызбай Тағанұлының құттықтауын табыстады.

Қазақстан Ғалымдар одағының президенті, академик Оразалы Сәбден, ХАА-ның бірінші вице-президенті Алексей Цеховой, ҚР ОМА Әлеуетті зерттеулер орталығының басшысы Зира Төленова, қоғам қайраткері Асылы Осман, К.Ш.Токтомаматов атындағы Халықаралық университетінің профессоры Женишбек Дуйшеев және т.б. сөз сөйледі.

Іс-шараға қоғам қайраткерлері, ғалымдар, оқытушылар, докторанттар, магистранттар, мұғалімдер, студенттер қатысты. Сонымен қатар, Грузия, Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей Федерациясы, Үндістан және т.б. елдерден арнайы өкілдер келді.

Суретті түсіріп Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.



ТҰРҒЫН ҮЙ

ТАЗАЛЫҚ

ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ
СЕНБІЛІКTURAQTY JOL экологиялық акциясы
қала тұрғындарын біріктірді

Алып шаһарымыз Алматыда «Шымбұлақ» тау курортында TURAQTY JOL Ұлттық әлеуметтік эконәуқанының V мерейтойлық циклі аясында Жаһандық жалпыұлттық сенбілік өтті. Көптеген қызығушылық танытқан адамдарды жинаған іс-шараның мақсаты – жастардың экологиялық мәдениетін арттыру арқылы туған өлкенің және қоршаған ортаның экологиялық жағдайын жақсарту.

Ернұр
РЫСБАЙ

Жаһандық сенбілік – эконәуқанды жүзеге асырудың маңызды кезеңі болып табылады. Оның айрықша ерекшелігі – Қазақстанның барлық аймақтарында бір мезгілде жүзеге асыру ауқымы. Ұйымдастырушылар Алматы қаласының барлық бей-жай қарамайтын тұрғындарын осы игі бастамаға қосылуға және тұрақты болашақты құруға үлес қосу арқылы өздерінің азаматтық ұстанымдарын көрсетуге шақырды.

«Бүгінгі сенбілік – қоршаған ортаны тазартуға арналған науқан ғана емес, сонымен қатар таза және сау қаланы құрудағы маңызды шара. Мұндай іс-шараларға қатысу табиғатты қорғауға және экологияны жақсартуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, адамдарды ортақ мақсатта

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?



«МЫҢ ТҰЯҚТЫҢ ДҮБІРІ...»

Алматыда Ұлттық домбыра күні қалай тойланады?

(Басы 1-бетте)

– Бостандық ауданында 5 шілде күні сағат 14.00-де «Mega Alma-Ata» СОО аумағында Ұлттық домбыра күнін тойлау құрметіне «Күмбірле, қоңыр домбыра» мерекелік бағдарламасы өтеді;

– Медеу ауданында 4 шілде күні сағат 12.00-де Нұрғиса Тілендиев мемориалдық музейіне келушілер дәстүрлі жанр артистерінің қатысуымен «Сиқырлы үні» концертін көре алады. Сондай-ақ, сағат 11.00-де Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде Dombura fest флешмобы өтеді.

– Наурызбай ауданында 5 шілде күні сағат 11.00-де «Шұғыла», 347/4 мекенжайындағы Инновациялық шығармашылық орталығында мерекеге орай концерттік бағдарлама болады.

– Түркісіб ауданында 5 шілде күні сағат 17.00-де Сауранбаев көшесіндегі Арбатта домбыра күніне арналған «Алтын домбыра» домбырашылардың флешмобы өтеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

АЛМАТЫ АГЛОМЕРАЦИЯСЫ

НАУҚАН

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК
сапасы да, саны да артып келеді

Қалалық мобильділік басқармасында қоғамдық көліктің маршруттық желісін кеңейту және жылжымалы құрамды жаңарту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы айтылды.

Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

тын жылжымалы құрамға қойылатын талаптарды арттырамыз. Мысалы, өткен жылы тасымалдаушылар 550 жаңа автобус сатып алды. Биылғы жоспар – газбен жүретін тағы 400 автобус. Сондай-ақ, біз агломерацияның 70-ке жуық елдімекенін қамти отырып, қосымша 20 жаңа қала маңындағы маршруттарды іске қосуды жоспарлап отырмыз. Осылайша облыстан келетін автомобильдер саны азаяды», – деді басқарма басшысының орынбасары.

Әкімдік ағымдағы жылы қаланың көше-жол желісі мен көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өтті. Көлік-трансплантациялау тораптарының, газ құю станцияларының құрылысы басталды, BRT жобалары әзірленуде, метроның дамуы, айырбастау құрылысы, көшелерді ұзарту, жөндеу және т.б. жалғасуда.

«АЛМАТЫ ЖАЗЫ»:
бір апта ішінде 60 субұрқақ тазартылды

26 маусымда басталған «Алматы жазы» қалалық акциясы аясында мегаполисте қалалық субұрқақтар тазартылып, жуылып, жаңартылып жатыр.

Қазір коммуналдық меншіктің балансындағы 66 субұрқақтың 60-ы ретке келтірілді, қалған 6-ауы жаңғыртылуда. Жеке аумақта орналасқан субұрқақтар да тазартылды. Жұмыс барысында субұрқақтар жабыдығына, атап айтқанда, электр аспаптарының, жарықтандырудың, қондырмалар мен бүріккіштерге тексеру жүргізіледі. Сонымен қатар, заманауи жаяу жүргіншілерге арналған субұрқақтарды күтіп-баптау жұмыстары жүріп жатыр. Оның 13-і қаланың коммуналдық меншігінде. Олар қалпына келтіріліп, функционалдылық сақталып, эстетика жақсартылады.

«Аудандық әкімдіктер мен «Есо Алматы» ЖШС жүргізетін түсіндіру жұмыстары аясында жеке субұрқақтарға тиісті жағдайда тұрақты техникалық қызмет көрсету және күтіп ұстау қажеттілігі туралы мәселелер белсенді талқыланды. Жеке субұрқақтарды коммуналдық меншікке беру мүмкіндігіне ерекше назар аударылады.

Бұл олардың тұрақты жұмыс істеуін және қалалық ортаны жақсартуды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – деді «Есо Алматы» ЖШС өкілі Жәнібек Кенжалиев.

Көбінесе жеке аумақта орналасқан субұрқақтардың жағдайы мәз емес, қараусыз қалған, жұмыс істемейді немесе иесінде қаражаттың болмауына байланысты күрделі жөндеуді қажет етеді. Жүргізілген түсіндіру жұмыстарының нәтижесі бойынша екі жеке субұрқақтың иесі – «Шәкен Айманов атындағы «Қазақфильм» ұлттық киностудиясы» АҚ және «Столичный» ТҮК нысандарын коммуналдық меншікке беруге дайын екендіктерін білдірді.

Алматыда барлығы 150 субұрқақ бар, оның ішінде 66-ы коммуналдық және 84-і жеке аумақта орналасқан. «Алматы жазы» науқаны аясында жеке субұрқақтар қалалық нысандармен қатар ретке келтіріледі.

6 шілдеде аяқталатын «Алматы жазы» науқаны «Таза Қазақстан» жалпы республикалық акциясы аясында іске асырылатын «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанының жалғасы болып табылады. Ол қалалық инфрақұрылым мен қоғамдық мүлікке ұқыпты қарауды қалыптастыруға, сондай-ақ ел арасында экологиялық мәдениетті арттыруға бағытталған.

Қ.ЖҰМАДІЛОВА.



біріктіреді. Бұл біздің қаламызға қамқорлық көрсетудің және оны жақсартуға үлес қосудың тамаша мүмкіндігі. Біз бірге үлкен нәтижелерге қол жеткізе аламыз», – деді эконәуқанға қатысушы Асанәлі Батырхан.

Эконәуқан мәдени-адамгершілік және экологиялық құндылықтарды бойына сіңіру арқылы өскелең ұрпақты туған жерге ұқыпты қарауға бағыттайтын тәрбиелік бастама. Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Федерациясының бас серіктесі ЦентрКредит Банкі және ресми серіктесі Chevron компаниясы, сондай-ақ «Шымбұлақ» тау курортымен ынтымақтастықта табысты жүзеге асырылған жобаның төрт циклының жалғасы болып табылады.

Жобаның іске асырылуы Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО және ИСЕСКО істері жөніндегі Ұлттық комиссиясы, ЮНЕСКО-ның Алматыдағы өңірлік кеңсесі қолдауымен өткізілді. Науқан аяқталғаннан кейін жиналған қоқыс қайта өңдеу үшін жергілікті компанияларға берілді. Ұйымдастырушылар жаһандық жалпыұлттық сенбілік еліміздің барлық аймақтарында тазалық пен экологиялық әл-ауқатқа ұмтылу үшін бірнеше мың адамды біріктірді.

Айнабай
МӘДИ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың өкімімен биыл «Халықтың әлеуметтік осал топтары» тізіміне енгізілген азаматтарға қалалық коммуналдық тұрғын үй қорынан 2000 жалдамалы пәтер беру жоспарланған. Қазақтың «Жетім көрсең – жебей жүр» деген халық даналығы ескеріліп, шаһарымыздан берілетін сол пәтерлердің төрт жүйі жетім балаларға берілетін болды. Қазірдің өзінде тағдыр тауқыметін тартқан сол бауырларымыз кезегіне қарай баспаналы болып, мәресіре болуда.

«Пәтерге қол жеткізгеніме қуаныштымын. Кезекті он жылдан астам күттім. Қала, аудан әкімдігіне алғысымды айтамын. Үш бөлмелі пәтерге ие болдым. Аумағы жүз шаршы метрден асады», – дейді зейнеткер, журналист Марат Шаханов.

Бұл жолы сол қалалық коммуналдық тұрғын үй қорынан беріліп жатқан пәтер тапсырудың жетінші ағыны. Тапсырылған пәтерлердің жалпы саны – 271. Әлеуметтік санатпен бөлінген кезекте тұрған осыншама адамның ішінде мынадай топ анықталды: жетімдер – 27, I, II топтағы мүгедектер – 28, Ұлы Отан соғысына қатысушыларға теңестірілген ардагерлер – 23, мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеп отырған отбасылар – 58, толық емес отбасылар – 129, зейнеткерлер – 5, жекелеген созылмалы сырқаттың ауыр түрімен ауыратын адамдар – 1.

«Әлеуметтік осал топтарға кезек тәртібімен пәтерлер тапсыру рәсімі өтуде. Бір ерекшелігі, бұл пәтерлер мұнтаздай таза күйінде тапсырылуда. Қазірдің өзінде мұнда қоныстануға болады. Атап айтқанда, бұл пәтерлерде қайта жоспарлауға болмайды. Келісім-шартпен көзделген жалдау ақысы бар», – деп мәлімдеді Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ғалымжан Әбдішүкірұлы.





КОНЦЕРТ

ЖҮРЕКТЕГІ ӘУЕНДЕР

ұлттық дәстүрлерді сақтауға және насихаттауға бағытталған

Домбыра күнін мерекелеу аясында Алматы Кітапханалары мен Қазақстан халқы Ассамблеясының «Халық жүрегінің әуендері» атты бірлескен іс-шарасы өтті. Іс-шара Алатау ауданында орналасқан Alatau Creative Hub орталығында ұйымдастырылды.

Ернұр
РЫСБАЙ

«Халық жүрегінің әуендері» іс-шарасы ұлттық дәстүрлерді сақтауға және насихаттауға, сондай-ақ қоғамдағы мәдени диалогты нығайтуға бағытталған.

Домбыра, әрине, қазақ халқының музыкалық мұрасының байлығы мен алуан түрлілігін бейнелейтін қазақ мәдениетінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады. Осы орайда, ҚХА мүшесі Абдулхалил Долкунтай домбыраның маңыздылығы жайында сөз сөйледі.

«Бүгінгі іс-шараның мақсаты –



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ұлтымызды біріктіру. Қазіргі уақытта еліміздің әрбір үйінде төрінен орын алған аспап – домбыра. Алғаш домбыра мерекесін 2018 жылдан бері тойлап келеміз. Бұл аспаптың қазақ халқы үшін алар орны ерекше. Қазақта «нағыз қазақ – домбыра» деген жақсы сөз бар. Бұл мерекенің

арқасында ұлттық аспап халықтарды біріктіреді. Ұлттарды достастырады. Сондықтан бұл мерекені мерекелеудің орны ерекше», – деді А.Долкунтай.

Іс-шара барысында ҚХА шығармашылық ұжымдарының өкілдері, белгілі домбырашылар, «Жастар биі» жас орындаушылары, сондай-ақ Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, қазақ халық және дәстүрлі әндерінің орындаушысы Сәуле Жанпейісова өз өнерін көрсетті.

«Қазіргі уақытта жастардың арасында домбырада күй ойнаушылар саны артып келеді. Бұл, әрине, қуантарлық жағдай. Менің қол астымда көптеген әншілер білім алуда. Біздің басты мақсат – жастардың арасында қазақтың ұлттық домбырасын насихаттау. Ұлттық құндылықтарымызды сақтап қана қоймай, оны келешек ұрпақтың арасында кеңінен тарату», – деді С.Жанпейісова.

БӘРЕКЕЛДІ!

ОҚУҒА ТҮСІП,
ОЛЖАЛЫ БОЛДЫ

Биыл ҰБТ-ны 180 мыңнан астам түлек тапсырса, олардың арасында аты озып, бағы жанғандары да бар. Мәселен, жалпы саны 120 сұрақты құрайтын тестілеу сынағынан ең жоғары 140 ұпайды алу мүмкіндігі әркімде бары анық.




Дегенмен, «жүйрікте де жүйрік бар» демекші, биылғы Ұлттық тестілеу сынағында ең жоғарғы 140 балл алған Алматы облысы, Талғар ауданы, Қарабұлақ ауылындағы №22 орта мектепті «Алтын белгіге» бітірген түлек Жаннұр Еңсебек атанасының, ұстаздарының сенімін ақтап, зор құрметке ие болып отыр.

Еліміз бойынша білім бәйгесінде бағы жанған Жаннұр Еңсебек 500 мың теңге мен 18 миллион тұратын темір тұлпар мінді. Бұған қоса, Жаннұрға 250 литр жанармай мен 25 мәрте көлігін тегін жууға сертификат табыс етілді. Осынау жеңісті қайталаған оқу озаты Ақмола облысы Қосшы қаласындағы №1 Рахымжан Қошқарбаев атындағы мектеп түлегі Айым Ержанова да қажетті жеке бойынша 90 баллдан 90 алды.

Ол ағылшын тілі пәнінен IELTS сертификатын да тапсырған. Бағы жанып, бабы келіскен Айым Ержанова 5 миллион теңге мен соңғы маркалы «Айфон 15» ұялы телефонына ие болды. ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек ҰБТ-дан ең жоғары 140 балды жинаған түлектерді құттықтады.

СТАТИСТИКА

КӨРІКТІ
ЖЕРЛЕР КӨП

Алматы – туризмнің орталығы. Жылдың қай мезгілі болсын, Алматыға ағылған туристер саны бір сәтке де азайған емес. Мәселен, туристердің жан-жақтан келуінің арқасында қанағаттанушылық индексі 9,8%-ға өсіп отырса, Алматыда туристердің жаһандық қанағаттанушылық индексі (GTPI) 9,8%-ға артып, 76,61-ге жетті.

Сондай-ақ, туристердің басым көпшілігі (43%) Алматыға тауы мен табиғаты үшін келетін көрінеді. Ал өнер екінші орында (21%), белсенді өмір салты – 17%, азық-түлік пен сауда 5% және 3%-ды құрайды екен. Жалпы, туристер Еуропа мен Азияның үлттық тағамдарын да, гастрономиялық артықшылықтарын да тамашалай алады, бұл әрбір келушіге өз талғамына сай бірегей ұсыныс табуға мүмкіндік береді.

Ағымдағы жылдың қаңтар-сәуір айларында Алматыда билеттерді брондау 69 мыңға дейін өссе, бұл өткен жылмен салыстырғанда, 53,1%-ға артық. Сонымен қатар, туристердің көпшілігі жалғыз немесе екеу болып келеді. Сосын олар қалада 4-тен 7 күн аралығында болады. Осы орайда, брондау статистикасы бойынша Түркиядан келгендер 24,3 мың (+32,5%), одан кейін Оңтүстік Корея мен БАӘ көш бастап тұр. Алматы бағыты бойынша билет іздеу Үндістан, Қытай және Түркияда белсенді екені байқалады.

Mastercard мәліметтері бойынша, билеттерді белсенді түрде іздейтін әрбір миллион тұрғынға 526 адам келеді, бұл бұрнағы жылдан 172 адамға көп, ал билеттерді іздеу саяхақа дейін 84 күн бұрын басталады екен.

Бетті әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыға келген туристердің қанағаттанушылық индексі

9,8%-ға өсті.



Соңғы екі айда

1000-нан астам
алматылық қоныс тойын тойлады.

Биыл алматылық

266 мың бала
жазғы каникулда тегін демалады.

2024 жылғы 1 маусымдағы есеп бойынша Алматыда

150 877 заңды тұлға
тіркелген.

Биыл газбен жүретін тағы

600 автобус,

100 электробус және

112 троллейбус

сатып алу жоспарланып отыр.



«Алматы жазы» акциясы аясында

3760-тан астам
аула учаскесі қоқыстан
тазартылды.Инфографиканы әзірлеген
Құралай ЖҰМАДИЛОВА.

ЖАҢАРҒАН, ЖАСАРҒАН, ЖАУҺАР ҚАЛА



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ның салынуына әрбір қазақстандық өз үлесін қосты. Сол себепті, айтулы мерекеде қарапайым азаматтардың, еңбек адамдарының, Қазақстанның нағыз қаһармандары мен патриоттарының елорданың және бүкіл еліміздің дамуына қосқан үлесін атап өту маңызды. Қазақстандықтардың еңбегінің арқасында Астана тәуелсіз Қазақстанды танытатын заманауи қалаға, ұлттың жасампаз қуатын, даму мен ілгерілеуді қамтитын қуатты мекенге айналды. Демек, Астананың бүгінгі жетістіктері ел азаматтары мен елорда тұрғындарының жоғары жауапкершілігінің, қажырлы еңбегінің және жұмылған күш-жігерінің арқасында мүмкін болды. Сондықтан олардың еңбегі алғысқа лайық.

Бүгінде Астана күнін тойлау отбасылар үшін де жақсы дәстүрге айналды. Бұл күні қазақстандықтар бірлігі мен жарқын болашаққа сенімін тағы да паш етеді. Қаланы салу және одан әрі дамыту үдерісі бірлескен күш-жігер арқылы тез өзгертін жағдайларға бейімделуге әрқашан дайын халықтың мызғымас ерік-жігерін бейнелейді. Сол себепті, айтулы мерекеде әрбір адам ортақ іске қосқан үлесін сезіне алады.

ӘЛЕМДІК АРЕНАДА БЕДЕЛІ ЗОР

Астана күнін мерекелеу қаланың жетекші халықаралық, саяси, экономикалық, мәдени және білім беру орталығы ретінде дамуының оң динамикасын көрсетеді. Осылайша жақында елордада соңғы бірнеше жылдағы ең маңызды жоғары деңгейдегі халықаралық форумдардың бірі – ШЫҰ саммиті өтті. Оған әлем халқының жартысына жуығын құрайтын мемлекеттердің басшылары, БҰҰ Бас хатшысын қоса алғанда, ықпалды халықаралық ұйымдардың басшылары қатысты. Осындай ауқымды шараның өткізілуі еліміздің әлемдік аренадағы беделінің зор екендігін айғақтайды. Ал Қазақстанның саммитке төрағалық етуі – қазақ дипломатиясы үшін бұрын-соңды болмаған жетістіктің көрсеткіші. Сондай-ақ, ағымдағы жылдың қыркүйек айында елордада 5-ші Дүниежүзілік көшпенділер ойындары өтеді деп күтілуде, оған 100-ден астам елден 4 мыңға жуық қатысушы және 100 мыңнан астам турист келеді.

КӨРКЕМ ҚАЛА

Қазақстандықтар үшін қаланың сыртқы келбеті – әдемі қасбеттер, бизнес орталықтары, сауда үйлері ғана емес, сонымен қатар функционалдық балалар ойын алаңдары, абаттандырылған ауалар, әлеуметтік инфрақұрылым маңызды. Сондықтан әрбір азамат ел астанасының болашағы мен үмітін ақтау үшін бар күш-жігерін салады. Қазір елорда ірі саяси, экономикалық, мәдени және білім беру орталығы. Соның арқасында бүкіл Қазақстан дамуға, ілгерілеуге, жасампаздыққа қосымша серпін алды.

Алып шаһар өзінің айрықша көркем келбетімен, тыңнан тұрғызылған таңғажайыптарымен төрткүл әлемнің саяхатшыларына кеңінен танымал. Қаланың қалыптасу жылдарында бой көтерген «Бәйтерек» монументі, пирамида үлгісінде салынған Бейбітшілік және келісім сарайы, биіктігі 150 метр болатын шатыр үлгісіндегі ғимарат «Хан Шатыр» сауда-ойын-сауық орталығы, теңізден алыс орналасқан болса да, сыйымдылығы 3 млн литр суды құрайтын жоғары технологиямен жасалған океанариум – «Ду-ман» орталығымен қатар, «Астана опера» мемлекеттік опера және балет театры, қазіргі заманғы өнер мұражайы және Президенттік мәдени орталық секілді бірегей ғимараттар әлемнің кез келген құрылыс нысандарымен иық теңестіріп, дархан даламыздың даңқын асқақтатқан әлемдік деңгейдегі нысандарға айналып отыр.

Қалай десек те, ел астанасын Арқа төсіне көшіру туралы идея Қазақстанның дамуындағы маңызды зор тарихи бетбұрыс болды. Бүгінде ерке Есілдің жағасынан орын тепкен елордамыздың кескін-келбеті мен әлем алдындағы атақ-абыройы асқақтап тұр. Бас қаламыз қай жағынан алып қарасаңыз да мақтануға тұрарлық. Сондықтан да болар, елорданы әлем таниды.

ған инвестициялар көлемі 315601,7 млн теңгені құрады.

Бұл 2020 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 32,2%-ға артық. Іскерлік қаржы салымдарының республикалық көлеміндегі елорданың үлесі 8,2%-ды құрады. Ал өткен 2023 жылдың 8 айында негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 784,6 миллиард теңгені құрады. Басты көрсеткіштің бірі – шетелдік инвестиция көлемі 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында 793,7 миллион долларға жетті. Астанаға Нидерланды, Бельгия, АҚШ, Швейцария, Ресей, Оңтүстік Корея және басқа елдердің компаниялары инвестиция салды.

Инвестициялардың жалпы көлемінің негізгі үлесін жеке бизнес игеріп отыр. Олардың үлес салмағы бүгінде айтарлықтай межеге жеткен. Елордаға инвесторлар 1,1 триллион теңге қаржы құйып, оған 163 жобаны қамтитын 15,9 мың жаңа жұмыс орнын құрды. Сөйтіп, бас қала инвестициялық жобалардың бірыңғай пулына айналды.

2023 жылы Мемлекет басшысы 2029 жылға қарай тартылған инвестиция көлемін 150 миллиард долларға жеткізу міндетін қойды. 2005 жылдан 2023 жылдың қыркүйегіне дейін Қазақстанға жалпы ТШИ ағыны \$402,7 млрд болды. 2017–2022 жылдар аралығындағы тікелей шетелдік инвестицияның динамикасына қарасақ, осы кезеңдегі ТШИ жалпы көлемі \$138 031 млрд болды. Осыған сәйкес, сарапшылардың пікірінше, алдағы 6 жылда 150 миллиард доллар тарту қиынға соқпайды. Осылайша атқа-

рылған іргелі жұмыстардың нәтижесінде елордамыздың экономикалық және әлеуметтік қуаты еселене түсті. Бұл ел дамуына салынған инвестицияның игілігі екені сөзсіз.

ХАЛЫҚ САНЫ АРТТЫ

Алатау баурайынан Сарыарқа төсіне қоныс аударған алғашқы жылдары көпшілік жаңа астананың қас-қағым сәтте гүлденіп, көркейіп, зеңгір көкпен таласқан зәулім ғимараттары алыстан менмұндалап тұратынына күмәнмен қарағаны рас. Алайда, отандық және шетелдің ең үздік деген сәулетшілері елорданың жаңа келбетін қалыптастырды. 26 жыл ішінде Астана қаласының аумағы бірнеше есеге ұлғайып, тұрғын саны артты. Қазіргі таңда Астананың халқының саны 2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша шамамен, 1,5 миллион адамды құрап отыр. Бұл Қазақстандағы Алматыдан кейінгі екінші көрсеткіш. Еліміздің болашағы жастар еншісінде екенін ескерсек, сол жастардың сапалы білім алып, тәрбиелі, парасатты азамат болып қалыптасуына қоғамның да ықпалы зор екені сөзсіз. Елорда қазірдің өзінде талай жастарға бақуатты өмірге жол сілтеді.

ЕЛОРДАНЫҢ ГҮЛДЕНУІ - ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Көпұлтты еліміздің барша тұрғындарының бірлігінің символына айналған елорда-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ АЛМАТЫДА ҚАНДАЙ ІС-ШАРАЛАР ӨТЕДІ?

Әуезов ауданында: 5 шілде күні сағат 11.00-де Family саябағында Астана және Домбыра күніне орай қазақстандық жұлдыздардың қатысуымен мерекелік концерт өтеді.

Алмалы ауданында: 4 шілде күні сағат 17.00-де Абай даңғылы, 157 мекенжайы бойынша дзюдодан жарыс өтті. 7 шілде күні сағат 10.00-де ЦСКА БЖСМ волейболдан турнир өтеді: Райымбек даңғылы, 212/5.

Алатау ауданында: 5 шілдеде, сағат 16.00-де Атлетикалық ауыл аумағында мерекелік концерт өтеді.

Бостандық ауданында: 5 шілде күні сағат 14.00-де «Mega Alma-Ata» СОО аумағында «Күмбірле, қоңыр домбыра» мерекелік бағдарламасы өтеді.

Жетісу ауданында: 5 шілдеде, сағат 18.00-де «Гүлдер» саябағында мерекелік концерт өтеді.

Медеу ауданында: 6 шілде күні сағат 12.00-де Орталық мәдениет және демалыс саябағында ауданның шығармашылық ұжымдарының қатысуымен мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылады.

Наурызбай ауданында: 5 шілдеде, сағат 11.00-де «Шұғыла», 347/4 мекенжайындағы Инновациялық шығармашылық орталығында Астана мен Домбыра күніне арналған концерттік бағдарлама өтеді.

Түрксіб ауданында: 5 шілде күні сағат 18.00-де «Арбатта», Сауранбаев көшесінде ҚР эстрада жұлдыздары мен шығармашылық ұйымдарының қатысуымен концерт өтеді.

Ертең еліміздің бас қаласы – Астана қаласының туған күні. Тәуелсіз еліміздің жүрегі саналатын елорда Қала күнін биыл 26-шы рет атап өткелі отыр. Замана көшінен қалмай, жылдам дамып келе жатқан елорданың келбеті аспанмен таласқан зәулім үйлерімен, ашықтық архитектураларымен құлпырып келеді. Төрткүл дүниені тамсандырған Астана бүгінде тарихи тақырыптар талқыланатын, ұлы идеялар мен тың шешімдерді қабылдайтын, салиқалы саясат, тұғырлы экономика, дінаралық келісім кенестері өтетін жаһандық орталыққа айналған.

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өткенге оралсақ, елорданы қазіргі Астанаға көшірудің ресми күні (бұрынғы Ақмола) 1997 жылғы 10 желтоқсан болып саналады. Алғашында Қазақстанда Астана күні 10 маусымда тойланды. 1994 жылы Қазақстан Жоғарғы Кеңесі ел астанасын көшіру туралы қаулы қабылдауына байланысты Қала күні 2006 жылы 6 шілдеге ауыстырылды.

«Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» Заңда Астана күніне мемлекеттік мереке мәртебесі берілген. Осыған байланысты бұл күн демалыс күні болып табылады және тек Астана қаласында ғана емес, бүкіл республика бойынша аталып өтіледі.

Мемлекет басшысы атап өткендей, еліміздің бас қаласының шежіресі тәуелсіз Қазақстанның тарихымен тығыз астасып жатыр. Бүгінде Астана – әрбір азамат өз әлеуетін іске асыра алатын, мансап құрып, өз ойлары мен армандарын жүзеге асыра алатын зор мүмкіндіктер қаласы болып отыр.

Бүгінде ерке Есілдің жағасында бой көтерген бас қалада тілін, ділін қадір тұтатын, білікті де білімді, отаншыл жастар көп.

ИНВЕСТИЦИЯ ИГІЛІГІ

Бас шаһардың даму динамикасы бір кездегі қысылтаяң шақтың кедергілеріне қарамастан, барлық бағыттар бойынша қарқынды дамып келеді. Арқа төсінде еңсесін тіктеген астанаға инвестор тарту ең басты мәселелердің бірі болса, бүгінде сол күмән сейіліп, елорда беделі артқан, әлем танитын қалалар қатарына қосылып үлгерді. Еліміз шетел инвестициясын тартуға барынша қолайлы жағдай жасау саясатын жалғастырып келеді. Мәселен, 2021 жылғы қаңтар–мамыр айларында елорданың негізгі капиталына салын-



● ДИАЛОГ АЛАҢЫ

● ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Достық үйінде Мемлекет басшысының ауқымды реформалары мен Ұлттық құрылтайда айтылған бастамалар мен мәселелерді талқылау үшін алқалы жиын өтті. Іс-шараға Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Азамат Қалдыбеков және зиялы қауым өкілдері қатысты.



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Бейбіт САРЫБАЙ,
Қазақстан Жазушылар одағы
төрағасының орынбасары:

«АДАМДЫ АДАМ ЕТКЕН – КІТАП, АДАМЗАТ ЕТКЕН – КІТАПХАНА»

Ол жиында мемлекеттік және ұлттық деңгейдегі мәселелердің барлығы көтеріледі. Маңызды мәселелер айтылған орнында қалған жоқ. Парламенттен бастап, министрліктер, әкімдіктер, т.б. өздеріне қатысты шараларды атқаруда. Жалпы, Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы кітап пен кітапхананың қоғамдағы орнын ерекше атап өтті. Бұл тұрғыда іс-шаралар өз ретімен іске асып келе жатыр. Әбіш Кекілбайұлының «Адамды адам еткен – кітап, адамзат еткен – кітапхана» деген сөзі бар. Біз бұл ақиқаттан ешқашан алыстамаймыз әрі әрқайсысымыздың жадымызда тұруы керек. «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» ұғымында өзінің сөзіне елді ұйыта білетін адам адал болуы керек. Ел ішіндегі кейбір түйткілді мәселелерді зиялы қауым өкілдерінен емес, блогерлерден естіп жүрміз. Қоғамның осы өкілдері әртүрлі саладағы кішігірім мәселелерді қозғаса, ешкімнің қарсылығы жоқ. Бірақ біз елдік, ұлттық тұрғыдағы мәселелерді блогерлердің аузына салып бермейік!

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДА КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Гүлжанат
СЕМБАЕВА



Жиынға қатысқандар құрылтайдың маңызына тоқталып, онда айтылған бастамалардың мән-мазмұнына қатысты ой-пікірлерін ортаға салды. Ұлттық құрылтайда айтылған бастамаларды іске асыруда зиялы қауым өкілдерінің ұсыныстары маңызды.

Жиынға қатысқан Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ-ның президенті Азамат Сатыбалды әр облыста мемле-

кеттің бюджетімен кинотеатрлар салу бастамасын көтерді.

«Кино – идеология. Қазір кино саласы едәуір дамығаны қуантады. Былтыр 94 кино шықса, биыл 114 кино прокатқа шығады деп күтілуде. Бұл – өте жақсы көрсеткіш. Оның ішінде сапасы төмені де бар. Бірақ сан көбейген сайын сапа да жақсарды деген ойдамын.

37 миллион халқы бар Өзбекстанда 30-дан астам ғана кинотеатр бар. Ал бізде 115 кинотеатр бар. Көршілес елдердің халқы бізге «сіздерде киноға бару мәдениеті қалыптасқан» деп қызығады. Кино креативті

индустрия ретінде бизнеске айналып барады. Бірақ бізде кез келген мемлекеттің кинолары көрсетіліп жатыр. Бұл елдің экономикасына да зиянын тигізеді.

Мемлекеттік идеологияға арнап түсірген өзіміздің киномызды отандық кинотеатрлар бір-ақ апта көрсетеді. Қырғызстанда кинотеатрлардың тең жартысы мемлекеттің қарамағында және олар мемлекеттік тапсырыспен түсірілген киноларды бір жыл бойы көрсетеді. Біз кино түсіреміз, бірақ оны көрерменге жеткізе алмаймыз», – деді Азамат Сатыбалды.

● БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕҢІСТІК КЕҢЕЙЕДІ

Қазақстан Жазушылар одағы мен Мәдениет және ақпарат министрлігі арасында стратегиялық әріптестік орнап, осы жоба аясында «Жазушылардың әдеби шеберлік мектебі», «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» және «ТМД елдері архивтеріндегі қазақстандық жазушылардың зерттеу жұмыстары» атты бағыттар өз жұмысын бастады. Жазушылар одағында осынау 3 стратегиялық әріптестік бағыттың таныстырылымына арналған баспасөз конференциясы өтіп, оны Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасы Мереке Құлкенов ашты.



Рая
ЕСКЕНДІР

Баспасөз конференциясына Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының бірінші орынбасары Нұржан Қуантайұлы, басқарма төрағасының орынбасары Ғалым Қалибекұлы, «Қазақ әдебиеті» газетінің Бас редакторы Дәурен Қуат, «Жұлдыз» журналы Бас редакторының орынбасары Қали Сәрсенбай және «Qazaqstan», «Abai.tv» телеарналары, «Қазақ әдебиеті», «Egemen Qazaqstan», «Ана тілі», «Turkistan» газеттері мен «Жұлдыз» журналының тілшілері қатысты.

Сонымен, аталмыш жобаларды жүзеге асырудағы басты мақсат не? Бұл тұрғыда қазақ әдебиетін мемлекеттік тұрғыда қолдау, шығармашыл жастардың талабын шындау және ұлт тарихында өз қолтаңбасын қалдырған қаламгерлердің



беймәлім болып келген жазбаларын жинақтау басты мақсат болып отыр.

– Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы «стратегиялық әріптестік» туралы үкіметке тапсырма берген болатын. Біз сол тапсырманың орындалғанына куә болып отырмыз. Себебі, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Архив, құжаттама және кітап ісі комитеті мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерттеу және оны танымал ету, архив ісін жүзеге асырудың тиімділігін арттыру бағытындағы мемлекеттік тапсырыспен стратегиялық тапсырысты іске асыруға арналған конкурста Қазақстан Жазушылар одағы үш бірдей жобаны жеңіп алды.

Бұл үш жоба Қазақстан жазушыларына, қазақ әдебиетіне өте қажетті жобалар. Ұйымдастырушылар биылғы жылдың екінші жартысында аталмыш жобаларды

толықтай орындауға сақадай сай дайын отыр. Бұл жобалардың қай-қайсысы да жас таланттарға мүмкіндік туғызып, олардың шығармашылық кеңістігін кеңейту үшін жасалып отырған мүмкіндік, – деді шығармашылық ұйым басшысы Мереке Құлкенов.

Сонымен қатар, Қазақстан Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасарлары Бауыржан Жақып, Қасымхан Бегманов және Бейбіт Сарыбай аталған жобалардың жүзеге асуына жауапты болып бекітілді. Баспасөз конференциясында Одақ басшысының орынбасарлары сөз алып, бағыттардың мазмұны мен мақсаты, өткізу жолдары туралы кеңінен әңгімеледі.

– «Жазушылардың әдеби шеберлік мектебі» жобасы туралы ақпарат, әсіресе, жас қаламгерлер арасында қызу талқыға түсті. Демек, бұл жоба елге, жастарға өте қажет. Сәтін салса, болашақта үлкен әдеби мектепке айналатын

үрдіс болары сөзсіз. Жобаның шартына келсек, отыз бес жасқа дейінгі жастар қатысады. Біз еліміздің барлық аймағында тұратын жас қаламгерлерді қамту үшін он жеті облыстан және 3 қаладан, барлығы 20 адамның өтінішін қарастыратын боламыз. Бұл ретте жастардың ынтасы жоғары, өте белсенді. Енді аз күнде өтінім қабылдау мерзімі аяқталады.

Жалпы, «Жазушылардың әдеби шеберлік мектебі» жобасына қатысушыларды іріктеу үшін арнайы сараптама комиссиясы құрылып отыр. Түскен өтініштер қаралып, аймақтарда тұратын жастар анықталады. Таңдаудан өткен жас қаламгерлер Қазақстан Жазушылар одағының ғимаратында – қасиетті қара шаңырақта өтетін әдеби дәрістерге қатысып, белгілі қаламгерлердің шеберлік сағаттарынан тәлім алады. Қазір шеберлік сыныптарын өткізетін он екі адам бекітілсе, олардың қатарында Қазақстанның Еңбек Ері Дулат Исабеков, әдебиет сыншысы Жанғара Дәдебаев, ақын Бақытжан Қанапиянов, ақын Әділғазы Қайырбек, жазушы Жүсіпбек Қорғасбек, жазушы, Одақ басшысы Мереке Құлкенов, драматург Асылбек Ихсан сияқты белгілі қаламгерлер бар.

Бұл жобаның тағы бір ерекшелігі, шетелден 4 әдеби спикер шақырып отырмыз. Бауырлас Түркиядан Якуб Өміроғлы, көрші қырғыз елінен Абдылдажан Ахматалиев, АҚШ-тағы Колумбия университетінің шығыс өңірлер бойынша зерттеушісі мен ресейлік жазушы, аудармашы Гузель Яхина келіп, дәріс оқитын болады, – деген Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Бауыржан Жақып өзі жетекшілік ететін жобаға қатысты ойын орта-

ға салды. Сондай-ақ, баспасөз конференциясында Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары, белгілі ақын Қасымхан Бегманов «ТМД елдері архивтеріндегі қазақстандық жазушылардың зерттеу жұмыстары» атты бағыт бойынша атқарылатын істерді таныстырды.

– ТМД елдерінің мұрағаттарында Қазақстанның мәдениеті мен әдебиетіне қатысты мол мұрағат қоры бар екені белгілі. Жекелеген жазушылардың қолжазбалары, басылған шығармалары да сақтаулы тұр. Тіпті, бұрын елге танылмаған, кезінде түрлі себептермен қолданыстан алынған, жойылған кітаптардың түпнұсқалары сақталған болуы мүмкін. Енді осыны жинап, елге әкеліп, ұлттық мұрағатымызды толықтыратын уақыт келді. Бұл жоба осы үшін қажет, – дейді Қасымхан Бегманов.

Сондай-ақ, «Жаңа Қазақстанның әдеби-танымдық панорамасы» жобасына жетекшілік жасайтын жазушы, Жазушылар одағы басқарма төрағасының орынбасары Бейбіт Сарыбай осынау жоба аясында 20 жас ақын-жазушыға мемлекеттік грант қарастырылып, жас қаламгер әр аймаққа бөлініп, өңірлердің жаңа әдеби бейнесін қалыптастыратын жаңа туындылар жазатынын тілге тиек етті.

Сонымен қатар, жиын соңында Мәдениет және ақпарат министрлігі Архив, құжаттама және кітап ісі комитетінің «Мәдениет және өнер саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру, қазақстандық мәдени мұраны сақтау, зерттеу және танымал ету, архив ісін жүзеге асырудың тиімділігін арттыру» бағытындағы мемлекеттік тапсырыс бойынша жариялаған жобалардың тұсауы кесілді.

7 ШІЛДЕ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

Шілденің алғашқы жексенбісінде Ұлттық домбыра күнін тойлаймыз. Демек, биыл бұл мереке 7 шілдеде атап өтіледі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы бұл күннің маңыздылығын: «Қазақ пен домбыра – егіз ұғым. Күмбірлеген домбыраның үні батырларымызға рух, ақындарымызға шабыт берген. Домбыра әрбір қазақтың рухын көкке көтеретін құнды қазынамыз болуға тиіс», – деп ерекше атап өткен еді. Осынау айтулы күн қарсаңында мегаполистегі Мультимедиялық дәстүрлі музыка орталығының жетекшісі Роза Жүнісқызымен сұхбаттасқан болатынбыз.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

ҚАЗАҚТЫҢ БРЕНДІ

Күмбірлеген қоңыр үні батырларымызға рух, ақындарымызға шабыт берген

қазақ жерінің күйшілік мектебі мықты дамыған батыс аймақта пішіні кесілген алмұртқа ұқсас қауақ домбыра кең тараған. Оның перне саны 12–16 болып келеді. Бұл өңірге тән дәстүрлі кең тынысты төкпе күйлер осы домбырамен орындалған. Екінші түрі – қазақ жерінің орталығы мен шығысына тән, шанағы үлкен күрек пішіндес, мойны қысқа, 7–11 пернеден тұрған қалақ домбыра. Келесі бір түрі – оңтүстік пен Жетісуда кең таралған мойны қысқа, бұрыштары тік, 7–9 пернелі болып келетін домбыра. XX ғасырдың орта шенінде қалыптасқан қоғамдық мәдени үдерістерге байланысты қауақ домбыраны Жамбыл домбыра, ал қалақша домбыраны Абай домбыра деп атау ел арасында қолданысқа еніп, кірігіп кетті.

Біз осынау қасиетті жәдігерлерді жастарға насихаттаудан жалықпаймыз. Яғни бұл аспаптарды біз тек қана музей сөресіне жайғастырып қана қоймай, сол аспаптардың тікелей ұрпақтарымен шағын концерттік залымызда шығармашылық кештер ұйымдастырамыз. Авторлар туралы тың мағлұматтар жинап ұсынып отырамыз.

«ҚОЗЫҚҰЙРЫҚ»

– Тақырыпқа орай домбыраның тарихи тамыры және оның қазақ мәдениетіндегі маңызы туралы да тарқата отырсаңыз?

– Ертеде домбыраға ұқсас екі-үш ішекті «таңбура» деп аталатын саз аспабын Әбу Насыр Әл-Фараби жасаған деген деректер бар. Оның пернелерінің саны бесеу болған, басының бір жағында екі құлағы, төменде ішектер үшін кетігі бар тиек орналасқан деп суреттеледі. Таңбура жетілдіріліп, бергін келе домбыраларға ұласқан дейді кейбір музыкатанушылар. «Домбыра» сөзінің шығу тегі жайында да көптеген пікір бар. Музыка өнерінің тарихын зерттеген академик А.Жұбанов: «Домбыра» сөзі «қозықұйрық» дегенді білдіретін «дунбаһ» және «бурра» деген араб сөздерінің тіркесінен пайда болған», – деген болатын. Яғни ғалым домбыраның атауын оның шанағының қозының құйрығы сияқты пішінмен байланыстырады.

Иә, домбыра – ең көне аспаптардың бірі және екі мың жылдан асатын бай тарихы бар. 2014 жылы бұл аспап ЮНЕСКО-ның Адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасы тізіміне енді. 2018 жылы бекітілген Ұлттық домбыра күні – елді біріктіретін маңызды мерекелердің бірі, сондықтан оның әлеуетін толыққанды пайдалана білуіміз қажет деп ойлаймын.

«КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ»

– Домбыра дегенде, қазақ өнерінде егіз ұғымға айналып кеткен қандай тұлғаларды ең бірінші атар едіңіз?

– Қазақ халқының музыкалық мәдениетінің дамуына үлкен ықпалын тигізген ұлы домбырашылардың бірі – Құрманғазы. Оның «Сарыарқа» мен «Адай» секілді мәңгі өлмес туындылары қазір де баршаға белгілі. Керемет музыкант әрі композитор жазған 60-қа жуық күй осы күнге дейін сақталған. Музыкалық мәдениетте өшпес ізін қалдырған тағы да бір домбырашы – Қазанғап. Ол да жастайынан музыкаға қызығушылық танытқан. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, ол 120-дан аса күйдің авторы болған. Күйші өз шығармаларында қоғамда орын алатын өзгерістер, адами қасиеттер, жануарлар әлемі тақырыптарын қозғаған.

Қазақ музыкасының тарихындағы жаңа кезең ұлы композитор Нұрғиса Тілендиевтің шығармашылығы болды. Ол 500-ге жуық еңбек жазған, оның ішінде опера, балет, ән-күйлер, романстар, увертюралар және т.б. бар. Ал ең танымалдары «Аққу», «Арман», «Махамбет» күйлері, Куддус Құжамьяровпен бірге жазған «Алтын таулар» операсы. Мұнымен қоса, ұлы композитор қазақ балеті мен операсының қалыптасуына да көп еңбек еткен.

Ерекше қазақ халық музыкасын сақтауға және дамытуға елеулі үлес қосқан жандардың бірі композитор, дирижер, күйші, домбырашы – Қаршыға Ахмедияров. Әмбебап музыкант ретінде белгілі болған ол қазақ мәдениетінің байлығын барша әлемге паш еткен. Жоғары оқу орындарына арналған көптеген кітаптар мен оқу құралдарының авторы, «Нарын», «Қуаныш», «Сағыныш» күйлерін жазған.

Домбыра музыкасы бүгін де белсенді дамып келеді. Қазіргі заманда танымал күйшілердің бірі – Секен Тұрысбек. Ол жазған 21 ән мен 14 күйді білмейтін музыкант жоқ шығар. Автордың шығармалары Қазақстанның ғана емес, сондай-ақ таяу және қиыр шетелдердің үлкен концерттік алаңдарында орындалып жүр. Ең танымал күйлері «Көңіл толқыны», «Ақ жауын», «Өкініш», «Ару ана». Қазіргі заманның домбырашылары туралы айтқанда композитор-күйші Әбдімомун Желдібаевты да ұмытпағанымыз жөн. Ол 70-тен аса ән мен күйдің авторы. Солардың ішінде «Ерке сылқым», «Арман құс», «Абай арманын» білмейтін қазақ жоқ.

ЕУРОПА ТӨРІНДЕ

– Бүгінде заманауи әндер де домбырамен сүйемелденетін болған. Тіпті, оның шанағынан төгілетін қоңыр үн төрткүл дүниені де тербеп жүр десек, қателеспіз. Осы тұрғыда қандай әндер мен композицияларды атар едіңіз?

– Қазақтың ұлттық брендіне айналған домбыраны төрткүл дүниеге танытқан қазақ дегенде, ең алдымен ойға Әміре Қашаубаев оралады. Өнші 1925 жылы Париж сахнасын

«Ағаш аяқ», «Қанапия», «Үш дос», «Қос балапан» сынды әндерімен әуелеткен. Сондай-ақ, 1927 жылы ән мен күйдің дүниежүзілік байқауына Германияның Франкфурт қаласына барып, онда да екінші орын алып қайтқан.

Қазақтың әйгілі күйші-композиторы Дина Нұрпейісова да 1937 жылы 75 жасында Мәскеуде Халық өнерпаздарының республикалық байқауына қатысқан. 1944 жылы 83 жасында Ташкенттегі онкүндікте тағы да жүлделі орындарды жеңіп алған. Есімі қазақ музыкасының жылнамасына алтын әріптермен жазылған Дина әжеміз бала күнінде-ақ Дәулеткерей, Мүсірәлі, Әлкей, Түркеш сынды күйшілердің күйін нақышына келтіре тартып, «домбырашы кыз» атанған. Оны әйгілі Құрманғазы өзі арнайы іздеп келген және батасын берген. Дина әжемездің «Бұлбұл», «Жігер», «Байжұма» сынды төл күйлері төгілген домбырасы да біздің орталықта сақталған.

XXI ғасырда киелі аспапты әлемге танытып жүрген талантты қазақтың бірі – Асылбек Еңсепов. Ол Франция, Қырғызстан, Түркия елдерінде өткен байқауларға қатысып, жүлделі орындардан көрінді. 2011 жылы Беларусьте оның жеке концерті өтті. Айтпақшы, Асылбек Еңсеповтің Дубай қаласында домбыра мектебін ашқаны үлкен жаңалық болды. Себебі, шетел азаматтары да домбыра үйренуге ынталы бүгінде.

Күміс көмей Димаш Құдайберген ұлымыз туралы әңгіме тіпті бөлек. Ол шетелдіктер алдына міндетті түрде домбырасымен шығады. Әлемдік сахналарда «Дайдидай-ау» әнін орындамас бұрын Құрманғазының «Адай» күйін тартады. Димаштың бұл жетістіктері шетелдіктердің домбыраға деген құрметін арттыра түскен дей. Себебі, бір кездері шетелдіктер Димаштың арқасында қазақ тілі мен домбыра курстарына жазыла бастаған болатын.

Қазір жастар да талаптанып, талпынып, мұхит асып, киелі аспабымызды дәріптеп жүр. Мәселен, шаһардағы «Әл-Кисса» домбыра мектебінің (жетекшісі ҚР мәдениет қайраткері Қанат Сәден) оқушылары алыс-жақын шетелдерден гран-примен оралуда. Жақында Американың Нью-Йорк штатына барып қайтты. Біздің музейде өтетін кез келген іс-шараның басы-қасында, ұлттық аспапты насихаттап жүрген де осы жас таланттар. Осындай дарынды өрендер барда ұлттық өнер өлмейді. Қазақ халқы үшін домбыра ұлттық аспап қана емес, оның ары мен бары, қасиеті мен киесі. Біздің бабамыз домбыраға үкі тағып, төріне ілген. Күйші, жыршыларды төредей күтіп, төбесіне көтерген. Сондықтан біздің елімізде осындай Ұлттық домбыра күні деген мерекенің болғаны – үлкен мақтаныш.

– Сұхбатыңыз үшін рахмет!

Нұржамал
ӘЛШЕВА,
журналист.



ДӘСТҮРІМ – ДИДАРЫМ

– Байқауымызша, мөлдір шынылар ішіне әрқайсысы жеке-жеке, ерекше құрметпен қойылған домбыралардың пішіні әртүрлі, бір-біріне ұқсамайды. Бірі ұзынша, сопақша келген, ал екіншісінің мойны қысқа. Осының сырын түсіндірсеңіз?

– Иә, пішіні мен дыбысы және атауына байланысты домбыраның әр өңірде өзіндік дәстүрлі үлгілері қалыптасқан. Мәселен,



ҚАЗАҚТЫҢ ЖАНЫ

ДОМБЫРА ЖАСАУДЫҢ ХАС ШЕБЕРІ

Қолөнерші Қуанышбек «Alatau Aqparat» медиахолдингіне қос ішекті аспап сыйлады



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ралары эстрада жұлдыздарынан тартып елге белгілі өнерпаздарға, домбырашы шеберлерге де белгілі болатын. Өнерде міне, осы кісілерден тәлім алдым», – дейді Қуанышбек Рахман.

АҚША ТАБУ ҮШІН ЖАСАМАЙМЫН

Біздің кейіпкеріміз 2017 жылы академияны бітіре салысымен өз өнеріне сүйеніп кәсібін ашып, «Қосмұра» шеберханасын құрады. Ұлт аспаптары арасынан негізінен домбыра мен қобызды көбірек жасайтындықтан, шеберханасының атын осылай қойған екен. Содан бергі табанды еңбегі оны домбырашы шеберлер арасында өз қолтаңбасын ойгілей бастаған.

«Шынымды айтсам, домбыраны ақша табу үшін жасап көрмедім. Бұл сөзіме көп адам илана қоймас, «домбыралары 100 мыңнан басталады, айына 10 домбыра жасаса да миллион тауып отыр» деп ойлауы мүмкін. Бірақ менің өз ұстанымым бар, домбыраның үні мен сапасы көңілімнен шықпайынша, оны иесіне табыстамаймын. Қашан дыбыс бояуы келіп, сапасы көңіліме толады, сол кезде жұмысымды аяқтадым деп есептеймін. Осылайша кейбір домбыраларға бірнеше апта уақыт жұмсаймын. Осы өнерге жан-тәнімен берілген өзге де кәсіби шеберлер осылай жасайды деп ойлаймын». Бұл біз әңгімелескен шебердің төл сөзі.

Өрине, қазіргі технологиялық мүмкіндіктермен станоктар құрып, күніне жүздеген домбыра жасап шығарып, лайқты бағасында сатуға болады. Бірақ қол өнерін атадан мұра деп санаған әрі өзі де домбыраға жаны құштар шын шебер үшін бұл жөнді саналмайды. Біздің кейіпкеріміз тіпті оны қиянатқа балайды. «Бір домбыра жасасам да жақсы домбыра жасағым келеді. Сапалы қолөнер туындысын зауыт өнімімен салыстыруға келмейді», – дегені бар. Мүмкін, кәсіби шебер үшін өз жұмысының ащы азабы мен тәтті рахаты да міне осы жерде болса керек.

ШЕБЕРЛЕР АРАСЫНДА КОНКУРСТАР ӨТІП ТҰРСА ЕКЕН

Еңгіме соңында қолөнершіден Домбыра күніне қатысты ой-пікірімен бөлісуді сұрадық. Арнайы Домбыра күні белгіленіп, дәстүрлі өнер мен ұлттық жәдігердің әспеттелуіне дән риза екенін жеткізді. Мектептерде домбыра сабағы енгізіліп, Домбыра күнінде түрлі мерекелік іс-шаралардың өтуі, ұлттық құндылықтың кең көлемде насихатталуын қолөнерші дәстүрлі қадірлейтін, өз құндылығын төрге шығаратын ел екенімізді көрсетеді деп санайды.

Бұларға қоса домбырашы шебер атаулы күнге қатысты өз ұсыныстарын да айтып өтті: «Домбыра күнінде еліміздің әр өңірінде шеберлер арасында да конкурстар өтіп тұрса деймін. Бұл ауылдарда да қолөнердің дамуына, кей өңірде сақталған дәстүрлі мектептердің жандануына мүмкіндік берер еді. Сондай-ақ, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы сынды жоғары оқу орындарында домбыра жасау мамандықтары ашылып жатса, нұр үстіне нұр болатын еді», – деген ойын айтады.

Расында, Домбыра күнін тек ән мен күйдің ғана емес, ұлттық қолөнердің күніне айналдыруға әбден болатындай. Шеберлер арасындағы конкурс ұлттық қолөнердің дамуына да кең айдын ашып берері анық. Соның әсерінде қолөнердің өзге салаларына да оң әсерін беріп жатса, Домбыра күні нағыз ұлттық мерекеге айналды деген сол болар.



Естай БОЖАН,
сарапшы.

БӘСЕКЕ ҚОЛӨНЕРДІҢ ҚОЗҒАУШЫСЫНА АЙНАЛДЫ

Қазір ұлттық қолөнер саласында бәсеке қызу жүріп жатыр. Тіпті, ұлттық музыкалық аспаптар жасаудың технологиясы жыл сайын жетіле түскен. Ол жайында Қуанышбек Рахманмен болған әңгімеден білдік. Айтуынша, дәстүрлі қолөнершілер нарықтық өмірге бейімделіп, өз өнімдерін барған сайын сапалы өндіруге тырысып жатыр. Нәтижесінде бұл саладағы бәсекелестік іскерлік салалардың қай-қайсысынан кем түспейтін деңгейде. Саладағы қыза түскен бәсеке кәсіби қолөнершілердің бәсін биіктете түскен.

Қуанышбек Рахманнан әуелі ұлттық қолөнер саласының қазіргі жағдайын сұрадық. Отандық өнім өндірушілер ретінде осы саланың бәсекесі мен базары қандай деген сауалымызға: «Мысалы, Жүргенов атындағы академияның мектебінен, колледжінен тартып қолөнерге баулыған, кейін академияда да кәсіби білім алған жастар қазір жыл сайын осы салада топ жарып жүр. Себебі, олар суретті, дизайнды арнайы этаптарымен жастайынан оқып жетілген. Домбыраның, қобыздың үн тазалығы, кәсіби деңгейі жағынан есе бермесе те, дизайнды кәсіби деңгейде меңгерген, әрі жаңа заманға сай модернизациялай алатын жаңа буын өзінің мықтылығын танытып келеді. Бұл, әрине, қуанарлық жағдай», – деп жауап берді.

Қарап отырсақ, қазір домбыра жасаушы шеберлер саны да көп, әрі музыканттар немесе сала мамандары болмаса, былайғы жұртқа нағыз үздіктерін анықтау да қиын. Дегенмен, шебердің айтуынша, саладағы тәжірибе бәрінен маңызды. Әсіресе, домбыраның үні мен сыртқы дизайнын қатар меңгерген кәсібилер ғана осы салада өз қолтаңбасын қалдырып келеді.

ЖАҚСЫ ДОМБЫРА НЕСІМЕН БАҒАЛЫ?

Әдетте, 10–15 мың теңгеден бастап ондаған мың АҚШ долларына бағаланатын домбыралардың бар екенін білеміз. Заты бір ағаштан жасалғанымен, қолөнердің құнын қалай бағалайды? Қуанышбекке бұл сұрақты да қойып көрдік.

«Домбыра шертушілер үшін домбыраның бағасы оның үнінде, ал шеберлер үшін үні де, жасалу материалы да, оған қоса дизайны да маңызды», – дейді шебер. Оның пікірінше, әдетте кейбір домбыралар бастабында үні де, дизайны да әдемі тұрғанымен, сол қалпында ұзақ сақталмайды. Уақыт өте келе не үні солғындап, бұзыла

ШЕБЕРДІҢ КЕҢЕСІ

Оқырмандарымыз үшін шеберден «Жақсы домбыраны қалай таңдау керек?» деген сауалды да қойдық. Ондағы жауабы: «Домбыраны нағыз кәсіби күйшілерге, домбырашыларға таңдатқан ең абзал. Одан кейін әрине, ағашының, қолданған материалының сапасына қарау керек. Қолданылған ағашына қарай домбыралардың үні де әртүрлі болып шығады. Бұл жайлы айтсақ ұзақ әңгіме, сондықтан бастысы жақсы кептірілген, қызыл ағаш секілді берік ағаштардан жасалған домбыраларды таңдаған дұрыс», – дейді шебер кеңесінде.

Бұған қоса, Қуанышбек шебер балаларға домбыра таңдауға қатысты да өз кеңесін ұсынды: «Көбінде балаларын домбыраға берген ата-аналар қазірше осымен үйрене тұрсын, әбден игерген кезде жақсы домбыра алып беремін деп бастап та арзанқол домбыра алады. Егер баласынан шын үміт күтсе керісінше әу бастан сапалы, үні таза, пернелері дұрыс қойылған домбыра таңдағаны дұрыс. Себебі, бұлар баланың музыкалық талантының ұшталуына, ішкі түйсігінің оянуына тікелей әсер етеді. Баланың әр пернедегі ноталарды әуелден дұрыс танып үйренген өте маңызды, басында сапалы домбырамен үйреніп шыққан бала кейін кез келген домбыраның тілін сайрататын болады», – дейді ата-аналарға кеңес ретінде.

бастауы мүмкін; не болмаса мойыны қайып, бет қақпағы түсіп кетеді дегендей әуелгі күйін жоғалтады. Таза кептірілген әрі қызылағаш секілді табиғатынан берік ағаш материалынан жасалса ыстық-суыққа, қолданысқа төзімді аспаптар шығады. Сондықтан шебер жұмысы тек мінсіз жұмыспен ғана емес, оның барынша ұзаққа сақталуымен де бағаланады.

АТАДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ МҰРА

Әңгіме барысында Қуанышбектен өз өмірі мен өнері туралы да сөз тарттық. «Қолөнерім – атаның қаны, ананың сүтімен келген асыл мұрам» деп түйді Қуанышбек бұл өнерге қалай келгенін сұрағанымызда. Темір иіп, жез илеген, күміс қақтап, алтын аптаған ұсталық пен зергерлік арғы аталарында да болған екен. Көзі көрген атасы да, әкесі де, алдын көрген ағалары да қара темірдің суын тапқан, ағаштан түйін түйген шебер, арғы бет Алтайдағы өз ауылына белгілі ұсталар болыпты.

«Қолөнерге бала жасымнан қызықтым. 4-5 жасымнан бастап қолыма бәкі-пышақ ұстап әлде бірдеңелерді жасауға құмар едім. Үлкендер жараланып қалмасын деп алаңдай ма, бәкі-пышақ ұстатпайтын. Бірақ баланы неге талпынса да бетін қақпай соған қарай баулыған дұрыс екен деп ойлаймын, қазір», – дейді қолөнерге деген бала күнгі талпынысы жайында.

ЖАНЫМА ЖАҚЫН ӨНЕР

Мектептегі «үздік оқушы», «қолөнерші бала» әрі домбыра шертіп ән салатын өнерлі жеткіншек мектептен кейін өзі сүй-

ген өнерді игеруге бел буыпты. Бірақ сол өңірде кәсіптік-техникалық колледжден қолөнер мамандығын таңдаған жалғыз шәкіртке арнайы топ ашылмай қалады. Өз арманынан уақытша қол үзсе де көркем-өнерлік таланты оны өнерден алыс алып кетпепті. Кәсіби ән мамандығы бойынша оқу бітіріп, 7 жылдай туған елі Алтайда қалашық филармонияда жұмыс істеген.

«Филармонияда жүрген кезімде халыққа ұнаған бірқатар авторлық әндерім болды. Ал концерттік, өзге де қойылмай сахналарының декорациясын жасай жүріп, өзімнің бала күннен қызыққан қолөнер кәсібіне қайта бет бұрдым. Осылайша өзім сүйген өнерім бәрі бір өзімді іздеп тапқандай болды», – дейді Қуаныш.

Дегенмен, кез келген шебер кемінде біреуден үлгі алмай өнерін ұштамасы анық. Алтайдың Шеміршек деген жеріндегі әрі шебер, әрі сазгер Пайзолла Қабдырахманұлымен шығармашылық достығы болашақ шеберге тәлім болады.

«Сол кісінің бірқатар әндерін сахналарда айтып жүрдім, кейде шеберханасында боламыз. Әне, сол қарапайым шеберхана менің ұлттық саз аспаптарын жасауға деген ынтымады оятты. Өнерімді одан сайын жетілдіру үшін Алтайдағы жайлы орын, жақсы қызметімді біржолата тастап, 2013 жылы атамекенге келдім. Бірден Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясындағы Сәндік қолданбалы өнер кафедрасына тапсырып, сонда 4 жыл академиялық білім аладым. Онда нағыз кәсіби өнерге баулыған Ердоғ Рахымбеков, Мақсат Маззұм қатарлы елге белгілі шебер ұстаздарым болды. Домбы-



ҚАУІП ҚАЙДАН?

ЛГБТ-ға қарсы петиция жарияланды

Дәстүрлі отбасы құндылықтары салтанат құрған елде Батыстың мәдениетіне тән ЛГБТ ұйымдарын насихаттаудың қажеті жоқ. Бірақ бұл мәселе қазір бізде де күйіп тұр. Тақырыпты таркатпас бұрын, алдымен «ЛГБТ деген не, бұл атау қандай мағынаны білдіреді? Аталмыш топтың көздейтіні не?» деген сауалдарға жауап іздеп көргенді жөн көрдік.



(Сурет ашық дереккөзден алынды).

Жақында E-Petition.kz ресми порталында «Біз ҚР-дағы ЛГБТ-ны ашық және жасырын насихаттауға қарсымыз!» атты петиция жарияланып, үндеуге қарсы 50 мың кол жиналған болатын.

Жасыратыны жоқ, қазір қалалық жерлерде біржыныстылардың отбасын құрып, еркін өмір сүруі қалыпты жағдайға айналғандай. Сондықтан болар, кейде шаһар көшелерінен қыз бен қыздың құшақтасып отырғаны, зіңгіттей жігіттің қысқа белдемше киіп, сызылып кетіп бара жатқанын көрсек, таңқалмайтын болғанбыз. Бірақ бұл көрініс біздің қоғам үшін жат қылық. Өйткені, шариғатымызда еркек пен еркектің, әйел мен әйелдің жыныстық қатынасқа баруы харам болып есептеледі. Олардың ақыреттегі жазасы да оңай болмайды.

«Көпшілігіміз үнсіз отырғанда, біздің санасы қатпаған балаларымыз біржынысты қарым-қатынасты (ЛГБТ) қалыпты жағдай деп қабылдап келеді. Тіпті, тренд қылуда. Бұл үлкен қасірет, отбасылық және жеке бас трагедиясы десек те болады. Көрші елдерде ЛГБТ-ны насихаттағаны және таратқаны үшін жаза қарастырылған. Мысалы, Өзбекстанда гомосексуализм және ЛГБТ құқықтары тақырыбы бұқаралық ақпарат құралдарында және қоғамдық пікірталастарда толығымен жабық күйінде қалып отыр. Ресей Федерациясында 2022 жылы «біржынысты қарым-қатынастарды насихаттауға», жынысты өзгертуге және педофилияға толық тыйым салу туралы Заң қабылданды. Сонымен қатар, жасөспірімдер арасында жыныс өзгертуге итермелейтін ақпараттарға толықтай тыйым салынған», делінген петиция мәтінінде.

Бұл тақырыпқа халық қалаулылары да барынша үн қосып жүр. Мысалы, Мәжіліс депутаты Ринат Зайытовтың Qaz365.kz-те жарияланған пікірін келтіре кетейік. «Біз де петицияны жақтаушылар тарапынанбыз. Біз мұндай насихатқа тыйым салынуы керек дегенді бұған дейін де, Мәжіліске келмей тұрып та айтқанбыз. Сондықтан сол ойымызда қалуға тырысамыз. Қазір біздің қоғамды онсыз да түрлі ұйымдарға, ағымдарға бөліну, алалау белең алып бара жатыр. Менің жеке пікірім – мұндай нәрселерге тыйым сала білуіміз керек. Демократиялық қоғамда таңдау болуы керек. Петицияны қараймыз. Меніңше, қазақтың қаршадай қыздарының көшеге шығып, «менің жатырым, менің шаруам» деп айғайлауы өте әдепсіз. Ал басқа ұрандарын айтуға аузым бармайды», – дейді депутат.

СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?

Бағила БАЛТАБАЕВА, «Қазақстандық ата-аналар одағының» басшысы:

Түбегейлі қарсымыз

Болашағымыз жастардың қолында екені анық. Көршілес елдерде болып жатқан оқиғалардан сабақ алып, мұндай ұйымдармен ұлт болып күресуіміз керек. Мен де анамын. Сондықтан балаларымның келешегіне алаңдаймын. ЛГБТ сөзінің мағынасын аға буын білмейді. Сондықтан көз жұма қарайды. Елімізді қауіпті ұйымдардан қорғап қалуымыз керек. ЛГБТ ұйымдардың басты мақсаты халық санын азайту екені анық. Көбіне ол адамдардың құқығы заңмен қорғалып жатады. Әрбір адамның өмір сүруі өз еркінде десек те, азғындыққа жол бермеуіміз керек. Біржынысты қарым-қатынасты насихаттау – келешек ұрпаққа жасалған қастандық болары анық. Біз қазақстандық ата-аналар еліміздегі ЛГБТ ұйымдарының ашық және жасырын түрдегі үгіт-насихаттарына түбегейлі қарсымыз!

Жібек АМЕНОВА, қоғам белсендісі:

Қауіптің нүктесін қою керекпіз

Барлығымыз білетіндей феминистік ұйымдар әйелдің құқығын қорғаймыз деген жасырын оймен ЛГБТ ұйымдарын насихаттауда. Әйел адамдардың құқығын елімізде ешкім шеттетпейді. Конституциямызда да барлық адамның құқығы тең. Олар сонда біздің құқығымызды кімнен қорғамақ? Олардың көздегені Батыстың жаман мәдениетін жастарымыздың миына сіңіріп тастамақшы. Қоғам үшін, келешек ұрпақ үшін мұндай ұйымдарға тосқауыл қою – біздің міндет. Ата-бабамыз қорғаған жерді ертең кімге қалдырамыз, біржынысты болып кеткен жастарға ма? Сондықтан бұл қауіпке нүкте қою керек. Біздің барлық жерде ер адамдармен құқығымыз тең, оны ешкім жоққа шығара алмайды. Әйел адамдар өміріне ешқандай қауіп жоқ.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ҚАРА ШАҢҒЫРАҚ ОЙЫНШЫҚ ЕМЕС

Киіз үйде арсыздық жасағандардың мақсаты қандай?

Әлеуметтік желіде қызу талқыға түскен бейнежазба бірнеше миллион қаралым жинаған. Бейнежазбада киіз үйдің ішінде ашық-шашық киінген үш қыз, арсыз би билейді. Кейіннен үш қыздың біреуі еркек екені анықталды. Олардың басты мақсаты – көп қаралым жинау әрі ұлттық құндылықтарды аяққа таптау. Бейнежазба жарияланған әлеуметтік желідегі парақша бірнеше күннен соң өшірілген болатын. Осы оқиғадан соң қоғамның ойы екіге бөлінді. Алайда, арсыз би билегендерді қорғаушылар да көп болды. Бірі ұлттық құндылықтарды қорғап жатса, енді бірі қорлаушыларды қолдап жатты. Бұл бейнежазба жайында ҚР Ақпарат және мәдениет министрі Аида Балаева пікір білдіріп, әлеуметтік желіде жазба қалдырды.

– Мәдениет және ақпарат министрі ретінде киіз үйде би билеп, бейдепен әрекетімен қоғам назарын аударған бейнеролик туралы айтқым келеді. Мұндай контент қоғамда алауыздық тудыруы мүмкін. Арандатушылыққа да ұрындыруы ықтимал. Әрине, өскелең ұрпақ тәрбиесіне кері әсерін тигізеді. Видеоның мазмұны қазақ халқының құндылықтары мен салт-дәстүрлеріне қайшы келеді. Медиа саласында жүргендер контент жасағанда мұқият болуы қажет. Кез келген шығармашылық жұмыста ұлттық салт-дәстүр мен құндылықтарды құрметтеуге басымдық таныту керек, – деді министр.

Елім деп езілетін ер болмаса, мұраларымызды қорлаушылар көп болмақ. Біздің тарапымыздан немқұрайлық таныту, ұлт үшін жасалған қастандық. Бұған дейін де қазақтың әшекей бұйымдарын жалаңаш денесіне таққан қыз қызу талқыға түскен болатын. Бұл қылықтарымен өзін



(Сурет: janabastau.kz саuityнан алынды).

танымал қыламын деп ниеттенеді, алайда атадан қалған мұраны аяққа таптап жатқанын білмесе керек. Қазақта «атың шықпаса жер өрте» деген мақал мақтаныш емес. Керісінше, арсыздықпен жеткен беделдің бір тиынға да пайдасы жоқ екеніне дәлел.

Бұл туралы әрбір елім деген азамат ойлануы қажет. Ұлттық салт-дәстүр мен құндылықтар біздің елдігіміз. Кез келген адам өзінің іс-әрекетіне жауапты. Атадан қалған мұраларымызды қорлаудың орнына қорғап, әрі сыйлағанымыз абзал болмақ. Себебі, халқымыздың құндылықтары бізге ғана керек екені хақ.

Бетті әзірлеген
Ернұр РЫСБАЙ.

Кез келген халық үшін оның тарихы мен салт-дәстүрі – басты орында. Ата-бабадан қалған ұлттық құндылықтарды сақтау – біздің міндет. Қазақ халқы үшін киіз үйдің орны ерекше. Ол жер қаншама ұрпақ өмір сүрген, жылы ұясы болған. Алайда, қазіргі уақытта бабадан қалған мұраны қорғаудың орнына, қорлаушылар пайда болған. Қасиетті ордада жынойнақ жасағандардың көздегені не? Қазақ халқының қытығына тию ме? Тақырыпты тарқатып қарастырайық.



БРИФИНГ

ТҰТЫНУШЫЛАР САУАТТЫЛЫҒЫ МАҢЫЗДЫ

Алматылықтарды тұтынушы құқығын қорғау негіздеріне үйретеді. Бұл оқытудың мақсаты – халықтың құқықтық сауатын арттыру және оларды тұтынушылардың заңды құқығына үйрету. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте жоба жетекшісі, «Жанашыр» халықаралық қоғамдық қорының президенті Жаңыл Әпетова айтып берді.



(Сурет ашық дереккөзден алынды)

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы негізінде және Алматы қаласы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің басшылығымен «Жанашыр» халықаралық қоғамдық қоры «Тұтынушылардың құқығын қорғау саласында азаматтарды оқыту және үйрету» жобасын іске асыруда.

«Жоба басталғаннан бері Алматы қаласының 8 ауданының сауда орындарында 500-ге жуық адам кеңес алды, 50-ден астам адам өз сұрақтарымен жүгінді, 20-дан астам адам WhatsApp нөміріне жазды. Әлбетте, бізде әлі сауда мәдениеті қалыптаспаған және тұтынушылардың құқықтық сауаттылығы дамымаған. Сондықтан жоба аясында біз азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыруға барыңша күш саламыз. Біз қала тұрғындарын өздері үшін жасалған жағдайды пайдалануға және белгіленген заңдарды сақтауға шақырамыз. Өз құқықтарыңызды білу және уақытылы қолдану алданып қалудан сақтайды. Тұтынушы ретінде сіздің құқықтарыңыз қорғалғанын атап өту маңызды», – деді Ж.Әпетова.

ҚАҢТАР ОҚИҒАСЫ

«Қанды қаңтар» оқиғасы дүрбелеңнің дүрмекке ұласатынын, арандатудың аяғы қақпанға түсіретінін талайға түсіндіріп бергендей. Осы бір ащы сабақтан ой түйген замандастарымыз «Жау жоқ деме – жар астында, бөрі жоқ деме – бөрік астында» деген қазақтың даналық сөзін түйсінгендей. Айдың-күннің аمانында татулық пен бейбіт өміріміздің шырқын бұзған қанды оқиға қайталанбасын дейміз. Мемлекеттік төңкеріске әрекет еткен, дүниені дүр сілкінткендей оқыс оқиғаның себеп-салдары талданып, әділ бағасының берілетініне сенімдіміз.

РУХАНИ ЖҰТАҢДЫҚ
БҮТІНДЕЛУІ КЕРЕК

Қаралы қаңтар мемлекетімізді қыруар қаржыға шығындар қылды, қаншама ғимарат қирады, дүкендер тоналды. Адал еңбекпен нәпақасын тауып жүрген қаншама кәсіпкер шығынға батты. Мемлекет қаншама арыз-шағымды қарап, тиісінше қаржылай жәрдемін жасап жатса да, әлі де қаралып жатқан шағымдар бар көрінеді. Салығын төлеп, ел қоржынының жұртығын бүтіндеп жүрген кәсіпкерлерге мемлекет қолдан келген көмегін аяп қалмас.

Мемлекетіміз материалдық шығынды түгендеп қана қоймай, сарабдал саясатымен ел ішінде байқалып қалған рухани жұтандықты да бүтіндеуі керек деп ойлаймын. Өйткені, бұқара арасында тәуелсіздіктің қадірін түсіне білмеген теріс пиғылдылар әлі де бар боп шықты. Бұрқ еткен көтеріліс мемлекетті күйретуге ықпал еткен экстремистік пиғылды білдірді.

Дегенмен, жаннан безген қарулы қактығысқа итермелейтін мұндай тұрпайы

топтық қылмыс қандай жағдайдан туындайды? Оны әбден зерттеп, зерделеу керек. Әріден ойласақ, ел ішінде әлі де әділ шешімін таппаған әлеуметтік мәселелер бар екен. Соған ден қойған абзал.

Экстремистік әрекет көбіне-көп басқа ағымның жетегіне кетіп, діни сенімді бетке ұстап, алданып, арбалып жүрген адамдардың қаперіндегі ойдан туындауы мүмкін. «Жанды жұмыс арқылы жансыздар табылады» демекші, тап осы орайда қауіпсіздік органдарының да қапы қалып жатқан сыңайы байқалады.

Алыс-жақын соғыстан көз ашпаған бірқатар шет елде «бас ауруға» айналған бұл проблеманы шешу жолы табылар емес. Құдайға тәуба, Қазақстан олардың қатарында емес. «Адасқанның алды жөн, арты соқпак» деген, бағытынан жаңылғандардың басым бөлігінің ниеті оңғарылып, үйірін табарына сенімдіміз.

Камила БАЛУАНШИНА.

БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК КЕПІЛ
Академияны аяқтаған түлектер
түгел жұмыс табады

Бүгінде ақпараттық технологияның қарыштап дамып жатқан кезеңі. Сонымен ілесіп кибералаяқтық та дес бермей барады. Сондықтан онымен күресу маңызды. ҚР ПМ-не қарасты М.Есболатов атындағы Алматы академиясы «Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету», «ПО-ІТ криминалистикалық қамтамасыз ету», «Құқық қорғау қызметі», «Ақпараттық жүйелер және технологиялар» бағыттары бойынша мамандар даярлайды.

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте ҚР ПМ Алматы академиясының Кәсіби даярлық факультеті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Әділ Тұлмағанбетов академия артықшылықтары туралы айтып берді.

Академияға орта білімі бар, он алты жасқа толған жігерлі, сергек, білімді, ынталы, денсаулығы жақсы жастардың қабылданатынын да жеткізді. «Құқық қорғау қызметі», «Киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету», «ПО-ІТ криминалистикалық қамтамасыз ету» білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсушілер (шығармашылық емтиханнан басқа) кез келген екі бейіндік пәнді таңдауға болады. Ал «Ақпараттық жүйелер және технологиялар» бағдарламасы бойынша «математика» мен «физика» таңдалады.

Конкурсқа қатысу үшін кемінде 50 балл, оның ішінде әрбір пән бойынша кемінде 5 балл жинау қажет, сонымен қатар «оқу сауаттылығы және математикалық сауаттылық» бойынша кемінде 3 балл жинауы керек. Академияда жатақхана беріледі, стипендия төленеді, тамақпен, оқуға қажетті киім-кешекпен қамтамасыз етіледі. Медициналық қызмет тегін көрсетіледі. Спорт секцияларына да тегін қатыса алады. Студенттің пойызбен үйіне барып-қайту билеті төленеді. Оқуын аяқтаған түлектердің 100%-ы жұмысқа орналасады. «Ұлттық



қауіпсіздік және әскери іс бакалавры» және «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласындағы бакалавр» біліктілігі тағайындалып, мемлекеттік үлгідегі диплом, сондай-ақ «полиция лейтенанты» арнайы атағы беріледі.

Осы оқуға қызығушылық танытқан жастар толық ақпаратты ҚР ПМ-не қарасты М.Есболатов атындағы Алматы академиясының сайтынан немесе 8 708 684 49 70, 8 775 930 55 88 (WhatsApp) нөмірлеріне хабарласып білуіне болады.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛІШЕВА.



МӘСЕЛЕ

БОЙДАҚТАРҒА САЛЫҚ САЛУ КЕРЕК ПЕ?

Елде сұрбойдақтар көбейгенге ұқсайды. Демек, үй болу емес, үйлену қиындаған. Ұлттық статистика бюросы мәліметіне көз жүгіртсек, отанымызда отбасын құрушылар азайған. Өткен жылы елімізде 120 мың неке тіркелген. Бұл көрсеткіш бұрнағы жылғымен салыстырғанда, 6 пайызға азайғандықты білдіреді. Түйткілді мәселені ой таразыға салып, сарапшылар пікіріне сүйендік.



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Көн етіктіні менсінбей...

Қазақтың «жақсы жар жаман еркекті адам етеді, жаман еркек жақсы әйелді надан етеді» дейтін тәмсілі бар. Бір-біріне өліп-өшіп махаббаты тұтанған отбасылардың келе-келе бір-бірінен жасырып жүрген оғаш мінездері көріне бастағанда кешірімге келудің орнына ер-тоқымын бауырына алып тулайтындар бала-шағадан бұрын өздерінің жеке басының мүддесін биік қояды. «Ішіме сыйған бала сыртыма да сыяды» деп буынып-түйініп, мамақаздай балапандарын шұбыртқан қызын ажыратып алуға бейім ата-аналар жас отбасыға басу айтудың орнына дау-дамайдың қоламтасын қоздата түседі.

Міне, осындай құрбы-құрдастарын көрген бойжеткендер мен бозбалалар «тағдыр-тәлейіміз қалай болады?» деп жар таңдауды ұзаққа созып, ол жылдарға ұласып, кәрі-қыз, сұр бойдақ атанғанда топ ортадан алшақтайды, томаға-тұйық тірлік кешуге көшеді. Өздерімен қатар өскен жанұялы достардың басқосу дастарханына барған кәрі қыздың бірі әлгі құрбыларының өзіне қызғанышпен қарап, оған көзін қадаған күйеулерінен қысылып-қымтырылғанын айтады. Кез келген сұрбойдақ пен кәрі қыздан сұраңызшы, бәрінің айтатын сылтаулары «нормальный қыз жоқ» десе, екінші жақ «нормальный жігіт жоқ» деп жалтарады. Көн етіктіні менсінбей, көк етікті кезікпей жүргендер бұлар.

МАМАН ПІКІРІ

Жайсаң ИБАДУЛЛАЕВА,
«Шанс» әлеуметтік-құқықтық-психологиялық орталығының психологы:

– Мәселен, өзбектер Тәуелсіздік алғаннан кейін 36 миллионға жетсе, қазақ халқы 20 миллионның үстінде. Бұл цифрлардың арасында Қазақстанда тұрып жатқан өзге ұлт өкілдерін қоссаңыз, таза қазақ саны 16-17 миллион төңірегінде болады. Жазарыдағы цифрларға қарасаңыз, жылдан-жылға бойдақтар саны күрт артып бара жатқанын аңғару қиын емес. Көңілді алаңдатарлық жағдай, жас ерекшелігі отызды былай қойғанда, қырықтың қырқасына шықса да шаңырақ көтермей жүргендері қаншама? Мұның басты себебін сұр бойдақтың көбі «бұйрық болмай тұр, уақыт өтіп кетті, жас қыздар қарамайды» десе, кәрі қыздардың да ойы осыған саяды. Бір сөзбен айтқанда, отбасылық жауапкершіліктен жалтару. Бұл сауалға психологтардың да өз айтары бар. Олардың айтуынша, жастардың жауапкершіліктен жалтаруы, кейбір бойдақтардың отбасында ата-ана рөлдері дұрыс қалыптаспаған. Одан бөлек, гендерлік саясаттың да әсері басым. Қыздар ерлермен ыық тіресіп, барлық жұмысты қатар атқарып жүргендіктен де өздерін олармен тең ұстайды. «Өзім би, өзім қожас» – бұл феминистік көзқараста жүрген қыздардың талабы.

Интернет желісінен алынған мәлімет пен соңғы жүргізілген есепке қарасаңыз, елімізде 25 жастан жоғары бойдақтар саны 3 миллионнан асып жығылса, 14 пен 29 жас аралығындағы басы бос азаматтар саны 4 миллион 616 мың деген дерек бар. Оның ішінде 2 миллион 337 мыңы ерлер болса, 2 миллион 279 мыңы қыздар. Бір сөзбен айтқанда, елімізде жұпсыз нәзік жандар үлесі 28,2%-ды құраса, серілік серуені бітпеген жігіттердің 39,6% әлі бойдақ жүр. Осыдан кейін Қазақстандағы демографиялық өсімнің неге баяулап жатқанын пайымдай беріңіз.

Біз «Мал-жаның аман ба?» дейтін халықтың өкіліміз. Бүткіл өмірі малымен біте қайнасқан қазақпыз. Малымыз артып, адамымыздың саны молайсын. Бала санын айтқысы келмейтін қайран қазағым-ай... «Қазақтың ырымы қырын кетпегенінің» дәлелі сол.

Бетгі әзірлеген
Айнабай МӘДИ.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Бибігүл МИРАСБЕК,
Ұлттық статистика бюросының сарапшысы:

ЕРТЕ ҮЙЛЕНСЕҢ, БАЛАҢ ЕРТЕ ЕСЕЙЕДІ

Былыттар қаңтар-желтоқсандағы ақпаратта елдегі некелесу саны – 20 870. Жалпы, соңғы жылдары неке қию динамикасы төмендеген. Шыны керек, некелесу аз тіркелген облыстарға Түркістан, Қызылорда, Батыс Қазақстан облыстарының кіруі көңілге кірбің ұялатады. Қазағы мол аймақтардың көрсеткіші мынадай болса, басқасы не болмақ? «Үйленуді емес, әуелі үйлі болуды мақсат тұту қағидасын өзгертетін кез жетті. Тінті, үйленбей жүргендерге заңдық тұрғыда белгілі бір деңгейде жауапкершілік жүктелуі керек», – деп есептейді мамандар. Әйтпесе, «ерте үйленсең, балаң ерте есейеді» деген тәмсілді қаперде ұстау қажет. Жас ұлғайған сайын денсаулықтың сыр беретіні бар ғой. Ал дені сау ұрпақ – ел келешегінің кепілі.

Ержан МЫРЗАБАЕВ,
психолог:

ӨМІР СҮРУ ҚҰНДЫЛЫҒЫ ӨЗГЕРГЕН

Бүгінде отандастарымыздың өмір сүру құндылығы өзгерген. Қиналып қаламын, дұрыс тәрбие бере алмай қаламын, отбасын қамтамасыз ете алмай қаламын деген қорқыныш басым тәрізді. Соның кесірінен жастар арасында үй болу кейінге ығыстырылуда. Осы бір қорқыныш қайдан пайда болады? Осы күнгі жастардың дені сол 90 жылдардың төлі, яки түлектері. Толыққанды отбасы моделін көре алмау да мұң. Қиыншылық кездегі дағдарыстың әсері болғаны рас. Өмір сүру жолында небір қиындық, арпалыстың болғаны анық. Соның елесі бүгінгі отызды орталаған жастардың бойында бар.



Хамит АЙДАР,
әлеуметтанушы:

АЛЫСТАН КЕЛГЕН АҒАЙЫҢҒА – АЛҒЫС

Азаматтық неке жастар арасында бұл нормаға айналып келеді. Бұл да дәстүрлі құндылығымызға қарама-қайшы. Соңғы кездері демографиялық өсу де жоқ емес. Мұның мәнісі сыртытағы, әсіресе, моңғол, қытай жеріндегі қазақтардың есебінен. Ол үрдіс жалғасуда. Алыстан келген ағайынға – мың алғыс. Дегенмен, сондай бір қарқынды да емес. Мамандардың дерегіне сүйенсек, ерлердің дені 32–35 жаста үйленсе, бұрымдыларымыз 30-ға тақап күйеуге ышуга талпынады екен. Әлбетте, кешітеу. Десек те, осының өзі де аса қарқынды емес.

Нұрлан БАЙҒАБЫЛОВ,
әлеуметтанушы:

ОТЫЗДАН АСЫП БАРАМЫН...

Жалпы, жастарды тежеп тұрған мәселе – экономикалық жағдай. Ертеңгі күніне, болашағына деген сауалдардың жауабының бұлыңғырлығы. Статистикалық деректе бойдақтар саны мынадай: әйелдер арасында – 29%, ерлер арасында – 39,6. Қазір елімізде сұрбойдақтардың жасы 3 миллионнан асып жығылады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Ақмола облысында некеге тұрған ер-азаматтардың орташа жасы – 27-28. Ал ОҚО-да бұл көрсеткіш – 26 жас. Маңғыстау облысының ер-азаматтары – 25 жас. Жалпы, Қазақстан бойынша отбасын құру – 32 жас. Бойдақ жүрген адам өзін барынша еркін сезінгенімен, мұның уақытша құбылыс екенін сезінгені абзал. Отыздан асып отбасын құрмаған жандар созылмалы күйзеліске ұшырауы мүмкін.



ӘСКЕРИ БОРЫШ

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЕЛ ҚОРҒАУ – ЕРДІҢ ІСІ

Мемлекеттік қызметтегі сарбаздың орны сақталады

Жанар КӨЛБАЕВА,
Алматы қаласы бойынша
Мемлекеттік қызмет істері
департаментінің бас маманы:

ЖҰМЫС ОРНЫ САҚТАЛАДЫ

2015 жылғы 23 қарашадағы ҚР «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 40-бабында: «Мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, әскери қызметке шақырылған жағдайда оларға мерзімді әскери қызмет кезеңінде жалақысы сақталмайтын демалыс беріледі және олардың жұмыс орны (лауазымды жалақысы) сақталады» деп, мемлекеттік қызметшілерді әскерге қызметке шақыру туралы нақты жазылған. Бұрынғы заңда әскери қызметке шақырылу туралы норма көзделмеген еді.

Әубәкір СМАЙЫЛОВ,
запастағы подполковник:

АРДАГЕРЛЕРДІ ҮЛГІ ЕТУДІҢ МӘНІ ЗОР

Ел қорғаны болу, мемлекет шекарасын күзету, халықтың тыныштығын қорғау – үлкен абырой мен сенім екендігін жас ұрпаққа түсіндіру маңызды қадам. Әлбетте, ер-азаматтардың әскер қатарында қызмет етіп, Отан алдындағы парызын өтеу міндеті туралы түсіндірме жұмыстары кеңінен жүргізілуі тиіс. Оған қоса, қалалық жасстар ресурстық орталығымен жыл көлемінде әскери мамандықты жасстар арасында насихаттау шаралары жалғасын табуы тиіс.

Әлеуметтік желілерде осы бағытта тікелей эфирлер өткізіп, жасстардың жігерін жанып, Ауған соғысының ардагерлерімен, сондай-ақ жарияланбаған соғыстарға қатысқан майдангерлермен, нағыз соғысты көрген сарбаздармен кездесу өткізіп, оларды жасстарға үлгі етудің мәні зор. Отанды қорғау – әр азаматтың қасиетті парызы әрі міндеті. Бұл Ата Заңымызда да тайға таңба басқандай анық көрсетілген. Біздіңше, тегемен темір үзетін қара пардай жігіттері бар күшін Отанын қорғауға жұмсауы қажет. Сонда ғана шекарамыздан ешкім аттан өтпейді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Осыдан бірер жыл бұрын ҚР Қорғаныс министрлігінің Ғылым және жоғары білім министрлігімен, сондай-ақ еліміздің жетекші жоғары оқу орындарымен бірлесіп, азаматтардың мерзімді әскери қызметін өтеуге ынтықтасу мақсатындағы жобаны жүзеге асыруға бастама көтерген болатын. Неліктен бұлай? Бұл өзі мерзімді әскери қызмет өткерген барлық азаматтармен әңгімелесу нәтижесімен Ұлттық бірыңғай тестілеуді есепке алмай, әскери борышын өтегеннен кейінгі екі жыл ішінде ақылы негізде жоғары оқу орындарына түсуге мүмкіндік берді.

Айнабай
МӘДИ

Неліктен мемлекетіміз осындай қадамдарға барып отыр? Осы орайда әскери қызметтің белгіленген мерзімін аяқтаған соң олардың күнтізбелік кезеңде оқуға түсу мүмкіндігі талқыланды. Ал еліміздегі жоғары оқу орындарының әскери кафедрасында мерзімді әскери қызметін өтегендердің бәрі емтихансыз әрі тегін оқуы да талданған. Алайда, осының бәрі ел қорғаны – армиямыздың абыройы мен беделін арттыру үшін жасалған қадам.

Бұл – болашақта ел өміріне аса қажет мамандықтарға оқытудың бастамасы. Жеке қасиетіне, үлгілі тәртібі мен мерзімді әскери қызметін өтеу кезінде жауынгерлік даярлық нәтижесімен үздік шыққан жекелей әскери қызметшілерге жоғары оқу орны есебінен тегін жоғары білім алу мүмкіндігін беру. Әскери қызметшілердің Отан алдындағы борышын өтеген балаларына әскери оқу орындарына емтихансыз түсу және азаматтық жоғары оқу орындарында тегін оқу құқығына басымдық берілуі – ел қорғайтын ерлерді ескерген ерекше мәртебе.

Шыны керек, бүгінде жастардың әскери борышын өтеуден жалтаратыны жайлы әңгіме аз емес. Әскерге шақыру жылына екі рет: көктемде және күзде өткізіледі. Дерекке сүйенсек, кейінгі кезде әскери науқанда қанша азамат шақырылса да, әскери борышын ерікті өтеушілердің қатары азайғаны анық. Қалалық қорғаныс істері департаменті мұны растайды. Жастардың дені жалтарып, түрлі сылтау мен бармаудың жолын іздейді екен. Өйткені, борышкердің көбі әскерге баруды текке уақыт өткізу деп есептейді-міс. Дегенмен, бәріне бірдей күйе жағуға болмас. Әскерден түрлі себеппен босатылатындар, сондай-ақ мүлдем шақырылмайтын азаматтар да бар.

«Елімізде 18–27 жас аралығындағы азаматтарды көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру жұмыстары 1 наурыздан бастау алып, маусым айының аяғына дейін жалғасады. Ал күзгі әскерге шақыру маусымы 1 қазаннан басталады. «Шақыру парағы» таратылып, әскерге шақыру пункттеріне келуі туралы хабардар етіледі» дейді қалалық Қорғаныс істері департаментіндегілер.

Иә, әскерге шақыру жылдағы белгілі тәртіппен жүргізіледі. Соған қарамастан, борышын өтеуден қашу – көпшілікке жаға ұстатын жаңалық емес. Алайда, бүгінде тәртіп өзгерген. Әскерге шақыртуды елемей, медициналық тексеруден өтуге келмеген жастар 1000 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл арқалайды. Кейін қайда барсаң да, бұл қағаз алдыңнан шығып тұрады. Шетелге шыға алмайтының анық. Ол аз болса, денсаулығына қасақана қысым келтіріп, жалған анықтама жасап алатындарға да айыппұл салынады.

Кей ретте үстінен әскерге барудан бой тасалағандарға қылмыстық іс қозғалып, әскерден қашқан азамат үш жылға абақтыға қамалуы мүмкін. Ал әскерден босатылатындар жайы мүлдем бөлек. Жоғарыдағы қатаңдатылған шаралардың оларға қатысы жоқ. Азаматтарды әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыру аудандық әскерге шақыру комиссиясының шешімі бойынша беріледі. Соның ішінде отбасы жағдайы, білім алуды жалғастыру, денсаулық жағдайы себебімен болуы да мүмкін. Мұны әскери, заңгер мамандар пікіріне сүйеніп айтып отырмыз.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

«ТАЗА ҚАЗАҚСТАН»

АРЫҚ ЖЕЛІЛЕРІ ТАЗАРТЫЛЫП ЖАТЫР

Алматы арықтарына су толып, қуалай ағып жатқанын байқаған боларсыз? Бұл – «Таза Қазақстан» жалпы республикалық акциясы аясында әрі «Алматы – біздің ортақ үйіміз» науқанының жалғасы болып табылатын «Алматы жазы» акциясының нәтижесі. Осынау жұмыс барысында 26 маусым мен 6 шілде аралығында қаламызда ұзындығы 1525 км арық желілері тазартылды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Бұл жұмысқа «Алматы Тазалық» МКК-мен бірге 6 мердігер ұйым жұмылдырылды. Аталмыш жұмысты атқару үшін 54 бірлік арнайы техника мен 720 жұмысшы шығып, күн сайын арық желілерінен 250 м³ балшық және т.б. қоқыстар шығарып отыр.

Соңғы уақытта жауын-шашын жиілеп кеткендіктен, арық желілері арқылы судың кедергісіз ағып, су басудың алдын алу жұмыстары да күшейтіліп жатыр. Бұл мақсат үшін мотопомпалар, бағралар мен басқа да шаңц құралдарымен жабдықталған 52 жедел мобильді бригада кезекшілік етіп жатыр.

«Қалалар мен елдімекендердің аумақтарын абаттандыру ереже-

лерін бұзғаны, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерін қиратқаны, қала мен елдімекендердің жасыл жерлерін жойғаны және бүлдіргені үшін» Алматы қаласында ҚР ӨҚБТК-нің 505-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілік қарастырылған. Алайда, коммуналдық қызмет жұмысшылары айыппұлдарға қарамастан, арық желілері күн сайын қоқыс пен тұрмыстық қалдықтармен бітеліп қалатынын айтады.

«Алматы жазы» акциясы осы жылдың 6 шілдесіне дейін жалғасады. Бұл акцияны өткізудегі басты мақсат – тұрғындардың азаматтық жауапкершілігін арттырып, экологиялық мәдениетке тәрбиелеу, жеке экологиялық басамаларды қолдау және оларды іске асыру үшін жағдай жасауды көздейді.

СЕМИНАР

КӨГАЛДАНДЫРУ МӘСЕЛЕСІН ҚАЛАЙ ШЕШЕМІЗ?

«Алматыбасжоспар» ҒЗИ алаңында Бахрейн университетінің архитекторы, PhD профессоры Ислам Хамди Элгонани, Cushman & Wakefield компаниясының Қазақстандағы серіктесі әрі басшысы, Алматы қала құрылысы кеңесінің мүшесі Гүлшат Сариеваның қатысуымен «Жасыл сәулет» және «Қалалық жылу аралы» тақырыбында халықаралық семинар өтті.

Семинарды ашқан «Алматыбасжоспар» ҒЗИ бас директоры Асхат Сәдуақасов жандық жылындың бүкіл әлемде өткірі тұрған мәселе екеніне ерекше тоқталды. БҰҰ Қоршаған ортаны қорғау бағдарламасының мәліметінше, бүгінде орташа тәуліктік температурасы 25°C-тан жоғары жерлерде тұратын

2,8 миллиард адамның 8 пайызы ғана кондиционерге қол жеткізе алады екен. Жандық жылынды тежеу құралының бірі – қалалардағы жасыл архитектураны дамыту. Сонымен қатар, қоғамдық көлікті дамыту оның экологиялық таза болуына (ЛРТ, метро) баса назар аударатырып, көлік қаңқасын қалыптасты-

ру жеке автокөлікті пайдалану қажеттілігін азайтады. Бұл жәйт, әлбетте, экологияға оң әсер етеді.

«Жасыл архитектурада «ақылды» технологияларды көбірек қолдану қажет. Бұл құралдар суды, электр қуатын үнемдеуге, сондай-ақ көмірқышқыл газының қалдығын азайтуға мүмкіндік береді. Осы технологияны интеграциялауда, ресурстарды бөлуді оңтайландыру мен қалалық көгалдандырудың тұрақтылығын арттыруда ландшафт сәулетшілерінің ерекше рөлін атап өткім келеді», – дейді шетелдік сарапшы Ислам Хамди Элгонани.

Камила САЛАМАТҚЫЗЫ.

МАСАНШЫ КӨШЕСІ ЖӨНДЕЛУДЕ

Былтыр жаз бойы, күзге дейін Алматының бірқатар даңғылдары мен көшелерінде соңғы технологиямен тасжол төселіп, жиектастар жаңғыртылған болатын. Міне, редакциямыздың жанына жақын Масаншы көшесіне де кезек келіп, орташа жөндеу жұмыстары басталып кетті. Шыны керек, дұнған ұлысының қайраткері Мағаз Масаншы есімін иеленген осы бір көшенің 4-5 жылда бір рет жиектасы жөнделетінін білетініз.

Бұл жолы орташа жөндеу. Бір бағытты бетке алатын Шевченко көшесіндегі жол қозғалысына уақытша қиындық туындап отырғанын айтып, редакцияға келген Ұзақ, Жолсерік есімді жүргізушілер мән-жайды баяндаған.

Біз де жүргізушілер өтінішінің аяқсыз қалдырмай, мәселенің мән-жайын білмек ниетпен «ASMAR STROY» ЖШС-іне хабарластық. Телефон тұтқасын алған компанияның бас директоры Мамед Насиловқа: «Жол қозғалысына кідіріске байланысты жүргізушілер шағымданауда. Неліктен жөндеу жұмыстарын түнгі мезгілде істемеске?» деген сауалымызды қойдық.

«Бізге тапсырыс беруші – Алматы қалалық Мобильділік басқармасы. Бізде түнгі уақытта жұмыс істеуге рұқсат жоқ. Жұмыс уақыты қалыптасқан тәртіп бойынша таңнан басталғанымен, негізгі жұмыстар сағат 11.00-ден кешкі 18.00-ге дейін істеледі. Біз жүргізушілерден жол қозғалысына қатысты туындап отырған уақытша кедергіге түсіністікпен қарауын сұраймыз» деген Мамед Фазлиевич, Абай даңғылынан бастап Масаншы көшесінен Мақатаев көшесіне дейінгі аралықтағы 1890 шақырымға орташа жөндеу жұмысы жүргізілетінін мәлімдеді.

Айнабай
ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ЕҢБЕК АДАМЫ

Денсаулық сақтау саласында 34 жылдан бері абыройлы қызмет етіп келе жатқан кәсіби дәрігер Рауия Мәміленова Алматы қалалық психикалық сауықтыру орталығында терапевт. Ол жұмысы барысындағы оқиғаларды әңгімелегенде дауысы жарқын естіліп, жанарынан кәсібіне деген ерекше сүйіспеншілік айқын байқалады.

Рауия Мәміленова жедел жәрдем станциясында да он бес жыл тер төккенін айтады. Медициналық шұғыл көмек көрсеткен, тез арада шешім қабылдай білген қызметтері оған кәсіби тұрғыда дамуға, білімін тәжірибемен ұштастырып шыңдалуға септігін тигізген. Иә, ол қызығы мен шыжығы қатар жүретін «жедел жәрдемді» ең үлкен мектеп дейді.

Бізбен түн жарымында жедел жәрдем шақырған, өзі ащы суға сылқия тойып алған бір тұрғынның пышақ кезеп, дәрігерлерді үйінде бір жарым сағат қамап ұстап, сұрақты жаудырған оқиғасымен бөлісті.

– 2000 жылдың басы еді. Түнгі сағат бірде науқас жедел жәрдем қызметін қайта шақырыпты. Жас жігіт. 38 жаста. Ішімдік ішкен. Біз іздеген пәтер бесінші қабатта екен. Көршілерін оятып, есікті ашып, үйге кірдік. Ол жалаңаш жүр. Асханаға барып, бір стакан коньяк ішіп алып, қолында үлкен пышақ, «мен дірілдеп жатырмын» дейді. Отырыңыз дедім. «Ол жерде Сталин тұр» дейді. Сөйтіп, пышақты кезеп, «Жуков кім, тегі, әкесі кім», – деп сұрайды дәрігерден. Оған жауап алған соң:

– Бірінші ғарышкер кім? – деп сұрайды ауру жігіт дәрігерден.
– Гагарин.



– Менің мына қолымды көріп тұрсыз ба? Бұл Жуков та, тұңғыш ғарышкер де ұстаған қол, – деп мақтанады. Одан әрі «тұңғыш Денсаулық сақтау министрі кім, революция қашан басталды, Ленин кім, қандай дәрі-дәрмек қайда жасалды?» деп, қысқасы, әлгі жігіт дәрігерді бір жарым сағат бойы сұрақтың астына алып, әр сұрақ сайын пышағын кезеп қойып, әбден зығырды қайнатады. Бірақ өзін Ұлттық қауіпсіздік комитетінің офицерімін

деп таныстырған жігіттің барлық сауалына Рауия Мәміленова асқан сабырмен жауап беріп отырған. Сұрақтарына қатесіз жауап бергені үшін дәрігерге бір мәрте қоңырау шалуға рұқсат береді. Сол сәтті пайдаланған Рауия Геройқызы полиция шақырып үлгереді. Сөйтіп, пышағы жалаңдаған офицердің үйінен дәрігерлер аман-есен шығады.

«Медицина саласын жүрегімен таңдаған адамдар кәсібіне адал келеді, олар ешнәрседен жиіркенбейді, түрлі оқыс жағдайларда өзін ғана емес, өзгенің де өмірін аман сақтап қалу – басты мақсаты екенін ұмытпау керек. Мамандығын адаспай таңдап, кәсібін шын сүйген адамдар ғана өз жұмысынан ләззат алады», – дейді білікті дәрігер.

Рауия Геройқызы – Өскеменнің тумасы. Балалар дәрігері болуды армандаған болатын. Бірақ туыстары журналистикаға, театр институтына бар деп үгіттейді. Себебі, ол жан-жағын күлкіге көміп жүретін әзілкеш еді. «Тамашада» ойнайтын боласын деуші еді бәрі.

Анасы – дәрігер. Соның да әсері болды ма, әйтеуір жүрегі медицинаны қалап тұрды. Емдеу бөліміне оқуға түсті. Жұмыс істегенде де, оқу кезінде де көп қиналды. Себебі, медицинаны таңдаған адамға үздіксіз оқып, білімін ұдайы жетілдіріп отыру керек екен.

Екі перзент сүйді. Он бес жыл жедел жәрдем станциясында еңбек етті.

«Ең қиыны – шақыртумен жедел көмек беруге аттанғанда, алғашында құтқара алмай

қаламын, үлгермей қалмайық деген үрей билейтін бойын. Өйткені, кейбір дерттерден пациентті құтқарып қалу үшін біліктілік пен уақыт та маңызды. Ал науқасты ажалдан арашалап қалғанда, ол айығып, алғыс айтқанда, сол сәттегі сезімді ешнәрсемен салыстыру мүмкін емес», – дейді дәрігер.

Жуырда Рауия Мәміленова «Еңбек қайраткері» медалімен марапатталды. Отыз жылдан аса жанкештілікпен еңбек етіп, талай науқасты діңкелеткен дерттің бетін қайтарып, бүгін сол игіліктің нәтижесіндей құшағы да гүлге толды.

«Дәрігерлер науқастар ашуланып келгенде ерегіспеу керек. Кейде түймедей мәселе түйедей дауға айналып кетіп жатады. Тағы бір оқиға естен кетпейді. Бір әйел үйінде босанып жатыр деген ақпарат түсті. Жедел жолға шықты. Келіншек төсекте толғатып жатыр. Келесі бөлмеде күйеуі дастарханды асқа толтырып қойып, тойлап отыр. Қазір үйде босанады деп мәз. Төртінші перзенті дүниеге келмек. Әйелдің заттарын тез-тез жинап үлгеріп, перзентханаға да жетіп үлгердік», – дейді Рауия Мәміленова.

Бүгінде ол психикалық ауруға шалдыққан науқастардың терапевті. Дәрігердің айтуынша, көбіне ақыл-есі кем адамдардың іш құрылысы, басқа да кеселдері асқынып келеді. Қай жері ауырып тұрғанын түсіндіре алмайтын, тіпті айтқысы келмейтін науқастарға медициналық тексеру кезінде денсаулығындағы ақауды анықтап, оны емдеуге мамандар аса мән берсе екен дейді Рауия Мәміленова. Өзі солай жасайды. Ешкімге бей-жай қарамайды, өмірдегі адамзаттың бәрі дін аман болса деп тілейді дәрігер жүрегі.

СӘТТИ ОТА

ДӘРІГЕРЛЕР БІЛІКТІЛІГІ

Өкпе мен кеуде қуысы арасындағы кеңістікке ауа жиналған баланың жағдайы жақсы

Алматылық жасөспірімді қатты жөтел мен жиі енгізу мазалаған. Содан тұншығып қала берген. Бұл жағдай ең тәжірибелі дәрігерлердің өзін таңқалдырған. Алматы қаласы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының хирургтары кенет пневмоторакспен түскен жасөспірімге ота жасады.

Пневмоторакс – өкпе мен кеуде қуысы арасындағы кеңістікте ауаның жиналуы. Оның себебі – жарақат, өкпенің перфорациясы немесе инфекция болуы мүмкін. Пневмоторакс өкпенің ауамен қысылуына байланысты кеудедегі шыдамсыз ауырсынуды, енгігуді және басқа белгілерді тудырады.

«Бізге жүскенде баланың жағдайы ауыр деп базаланды. Өкпенің сол жағы күрт әлсіреген, оң жақта қатаң тыныс байқалды. Қатты енгігіп тұрды. Бала ауруханаға жатқызылып, бұл жағдайдың себептеріне зертханалық және аспаптық зерттеулер жүргізіле бастады», – дейді Алматы қаласы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының директоры Әлібек Смағұлов.

«Қорытынды диагноз келесідей болды: сол жақта 3-қабырғаның экзостозы, сол жақ өкпенің жоғарғы бөлігіндегі жыланкөз, сол жақта пневмоторакс. Баланың бұл ісікпен қанша уақыт жүргенін нақты айта алмаймыз, бірақ уақыт өте келе өкпеде ойық, содан кейін жыланкөз (саңылау) пайда болды, осы себепті науқаста пневмоторакс және тыныс алу жеткіліксіздігі орын алды. Осы уақытта дейін экзостоз оны жеткіліксіздігі орын алды. Рентгендік зерттеу бұл патологияны сәтсіз артнайы КТ аппараты бар. Компьютерлік томографияның және рентгенология бөліміндегі әріптестердің көмегімен ауру себебін анықтадық», – дейді Алматы қаласы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының хирургі Жалғас Күниязов.

Балаларда қабырға экзостозы (немесе остеохондрома) қатерсіз ісік болып табылады. Ол ауырсыну мен ыңғайсыз-

дықты тудыруы мүмкін, сирек жағдайда қабырға экзостозы кеуде қуысының қалыпты қозғалысын шектейді, бұл тыныс алу проблемаларына әкелуі мүмкін. Қабырға экзостозы әдетте балалар мен жасөспірімдерде кездеседі және салыстырмалы түрде сирек кездесетін құбылыс болып саналады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әлібек СМАҒҰЛОВ, Алматы қаласы Балалар шұғыл медициналық көмек көрсету орталығының директоры:

ҚАБЫРҒА ЭКЗОСТОЗЫНА АЛҒАШ РЕТ ОТА ЖАСАДЫҚ

Дәрігерлерге Бюалу әдісімен плевра қуысын дренаждау, яғни кеуде қабырғасына кішкене тілік арқылы дренажды түтікшені енгізу арқылы ауаны шығаруға тура келді. Дренаждық түтік сұйықтықты немесе ауаны плевра қуысынан шығаруға мүмкіндік береді, қалыпты қысым мен өкпе көлемін қалпына келтіреді. Баланың жағдайы тұрақтанғаннан кейін КТ жасалды, онда «3-қабырғаның алдыңғы сегменті деңгейінде 1,9 см, сол жақ өкпенің S3 бөлігіне енетін жіті сүйек өсуі» анықталды. Бұл патология экзостоз деп аталады және өте сирек кездеседі. Мәселен, біздің орталықтың хирургиялық қызметінің 60 жылдық тарихында бұл – экзостоздың алғашқы клиникалық жағдайы. Орталықтың ең тәжірибелі деген хирургтарының бұған дейін қабырға экзостозына ота жасау тәжірибесі болмаған. Хирург мамандарға сүйек тінін алып тастап, өкпедегі жыланкөзді тігіп, өкпеқан қуысына білте қойып, тексеруге екі сағат қажет болды. Ота сәтті өтті.

Бетгі әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.

ЖАРНАМА



Ветеринариялық қызметкер күні қарсаңында

– Қазақстан Республикасының жаңартылған кәсіби мерекелерінің тізімінде жаңадан «Ветеринариялық қызметкер күні» бекітілді. Мереке жыл сайын 10 шілдеде атап өтіледі. Осыған байланысты мереке қарсаңында Алматы қаласының ветеринариялық қызметінің жұмысын атап өткіміз келеді.

Ветеринариялық қызметтің негізгі міндеттері: жануарларды аурулардан қорғау және оларды емдеу; халық денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау; ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету; Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жүкпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуінен және таралуынан қорғау және басқалар болып табылады. Атап айтқанда, ветеринариялық инспекциясы, қалалық ветеринариялық қызметі, қалалық жеке ветеринариялық емханалардың, ветеринариялық зертханалардың мамандарының жұмысы арқасында соңғы жылдарда Алматы қаласында жануарлардың талаптарымен нормалары орындалуда және қалада тұрақты салауатты эпизоотиялық ахуал сақталуда. Жоғарыда мазмұндалғанға байланысты барлық ветеринариялық қызметкерлерді кәсіби мерекесімен құттықтаймыз. Зор денсаулық, кәсіптік жетістіктер тілейміз!

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясы.



«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 5 айға – 2680,60 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 5 айға – 3680,60 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 5 айға – 1680,60 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең.

Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет **24/7** қолжетімді.



ҚАУЛЫ

2024 жылғы 4 шілде, №3/373-1037

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, Жер комиссиясының 2022 жылғы 4 сәуірдегі №3 қорытындысы, Алматы қаласы Алатау аудандық сотының 2023 жылғы 31 тамыздағы ұйғарымы негізінде, Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Саин көшесін узарту үшін Сергей Васильевич Брагинның Алматы қаласы, Алатау ауданы, «Ақбұлақ» шағынауданы, Байқоңыров көшесі, 96 үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-321-051-1082), ауданы 0,4000 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иесі жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және меншік иесіне жер учаскесі өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

2024 жылғы 2 шілде, №3/373-1014

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 21 маусымдағы №34.1-34/1060-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Автомобиль жолын салу үшін «Estate Portfolio One Ltd.» жеке компаниясының Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Шұғыла» шағынауданы, 340 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-322-009-219), ауданы – 6,7296 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және меншік иесіне жер учаскесі өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Қалалық мобильділік басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

2024 жылғы 2 шілде, №3/373-1013

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Мәдениет басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 26 маусымдағы №03.4-15/164-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткішін (қорған қорымын) сақтау үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты «Qazaq Stroy Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Шұғыла» шағынауданы, 344 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-322-009-223) ауданы 4,2235 га жер учаскесінің немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және меншік иесіне жер учаскесі бөлігінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін бөлігін «Алматы қаласы Мәдениет басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

2024 жылғы 2 шілде, №3/373-1015

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 19 маусымдағы №43.4-43/590-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ортақ пайдаланудағы объектінің (саябақ) құрылысы үшін «Qazaq Stroy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Шұғыла» шағынауданы, Сәкен Жүнісов көшесі, 2/6 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-322-001-108), жалпы ауданы – 12,3220 га жер учаскесінің ауданы – 1,8812 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және меншік иесіне жер учаскесі бөлігінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін «Алматы қаласы Экология және қоршаған орта басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

2024 жылғы 2 шілде, №3/373-1016

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскесін алып қоюға байланысты жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Спорт басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 19 маусымдағы № 48.1-48/388-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Дене шынықтыру-сауықтыру кешені құрылысы үшін «Qazaq Stroy Almaty» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы қаласы, Наурызбай ауданы, «Шұғыла» шағынауданы, 345 учаске мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-322-009-219), жалпы ауданы – 4,4171 га жер учаскесінің ауданы – 1,5000 га бөлігін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылдаған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі: 1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иесін хабардар етсін және меншік иесіне жер учаскесі бөлігінің өтемақысын төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесінің бөлігін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесінің бөлігін «Алматы қаласы Спорт басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

Газетіміздің келесі саны 12 шілде, жұма күні шығады.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail:
rekalatauqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 862 30 08 телефоны арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.

E-mail:

alatauqparat@gmail.com

Мекенжайымыз:

Индекс: 050022.

Шевченко көшесі, 106 А.

Газет аптасына 2 рет, сейсенбі және жұма күндері шығарылады. Нөмірдің таралымы – 10 260 дана (жұма)

Кезекші редактор – Ернұр РЫСБАЙ

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде тіркелген. Тіркеу туралы № KZ17VPY00085956 куәлігі 19.01.2024 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Алматы-болашақ» АҚ-да басылды. 050026, Алматы қаласы, Мұқанов көшесі, 223 В. Тел.: 8 (727) 378-40-08, 378-42-00. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



www.instagram.com/aqshamy.official



www.facebook.com/aqshamy.official



www.youtube.com/channel/UCkxM2xrjCHx68r1ggA



web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«ҮРКЕР ТОЛҒАҒЫ» АМАЛЫ

Орыстар «Дева» дейді. Тура мағынасынан аударылған қазақшасы «Бикеш» делініп жүр. Жүсіп Баласағұн бұл амалды «Бидай басы» деп атаған

Өткен пайымымызда айтқандай, дүниені күйдіріп-жандырып шілде амалы жүріп жатыр. Бабалардың болжамына байланысты жазғанымыздай: апта ішінде жаңбыр да жауды, күн күркіреп, найзағай да ойнады, аңызға күндер де аз болған жоқ.

Сәрсенбек
БЕКМҰРАТҰЛЫ



Күннің қатты ыстықтығынан ауа, жер құрғап, мерзімінен бұрын шөптердің буыны қатып, сарғая бастады. «Үркер толғағы» амалының келетін кезі жақындап келеді. Малға да, жанға да жайлы кез басталады.

Үркерді орыстар «Дева» деп атайды. Тура мағынасында аударылғандықтан қазақшасы «Бикеш» делініп жүр. Ал Жүсіп Баласағұн «Бидай басы» деп атаған екен. «Жеті қарақшының» қызын ұрлаған Үркер осы.

Қазақ Үркер, Таразы, Үш Арқар жұлдыздарын «бөлек туып бірге батқан үш жұлдыз» деп айтады. Үшеуі де жылдың әр мезгілінде туғанымен, бір күнде – мамыр айының соңына таман (жиырма тоғыз, отызы шамасында) «жерге кіріп», көрінбей кетеді. Сонан соң

Үркер Сарша айында (шілде), Таразы тамызда туады. Сол шоқжұлдыздар шоғыры көзге көрініп, жұптасып, көкке көтерілмей, шілденің аптабы басылмайтын көрінеді.

Аталмыш айдың алғашқы онкүні бітісімен жұлдыздар шоғыры топтасып, жұптасып, көкке бағыт алды. Міне, сол Үркердің («Бидай басы») қазір толғағы жүріп жатыр. Ауа райының тұрақсыз болуы, күннің күрт ысуы, жаңбырдың жаууы, бәрі-бәрі осы амалдың салдары. Үркер туған соң жер құрғайды, күн ысиды, шөптердің сабағы қатайып, өзі сарғаяды. Бұл малға да, жанға да жайлы кезең.

Осы кезде Сыр бойында, оңтүстік өңірлерде бидайға орақ түссе, астықты Арқа аймағында бидай масағы қамырланып, бас байлайды, ол қатая келе дөңге, дән нанға айналады. Әлемге аты әйгілі ғұлама Баласағұнның «Бидай

басы» деп ат қойып, айдар тағуы осыдан болса керек. Үркер амалы жаздың бел ортаға келгендігін білдіреді. Бұл мезгілде кейде ұзаққа созылған сылбыр жауын жауды, кейде сарша тамызға жалғасқан қапырық ыстық болады.

Үркер күннің шығысынан шығады, оңтүстікпен жүреді, күнбатыстан батады. Қазақ халқының жыл санауы мен күнтізбесі, мүшел есебі мен тоғыс есебіне көңіл бөледі. Осы есепке сүйене отырып, малшылар әр айдағы амалдардың қалай өтетінін шамалап отырған. Халық бір жыл ішінде айналып соғып тұратын ыстық, суық, қар, жаңбыр, жел, боран, аязды білдіретін амалдарды қарастырып отырады. Осы амалдар арқылы жылдың әр айы мен тоқсанында болатын ауа райындағы табиғат өзгерістері мен құбылыстарын халық әркез назарына ұстап отырған.

Үркер жұлдызынан жиырма күндей кейін Таразы жұлдызы туады. Таразы шоқжұлдызы шілденің ортасы ауа шығыстан көрініп, күз, қыс бойы Үркердің соңын ала, батысқа қарай ауады. Таразы туғаннан кейін Сүмбіле туады. Сөйтіп, қоңыр күздің ор-



БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

Шілде айының екінші он күніне жасалған жорамал:

- * Көкек шақыруын тыймаса, жаз ұзаққа созылады.
- * Ағаш жапырақтары сарғая бастаса – күз бен қыс ерте түседі.
- * Масаның азаюы ауа райының ыстық болатынының белгісі.
- * Бұлтты күндер жиі болмақ. «Бұлттан шыққан күн ащы» деген.

тасы ауа, кара күздің басында Үркер бастаған Таразы, Сүмбіле (Үшарқар) жұлдыздар шоғыры батысқа қарай бағыт алады. Бұл көрініс күн мен түн теңескенін, енді күн ұзара бастайтын мезгіл-мезет жеткенін білдіреді.

Қазір григорианша, шілде

айының – 5-і, ай күнтізбесі бойынша, – 29-ы, ескіше (қазақша) – 10 күннен кейін жаңа ай басталады. Аспан денелерінің білдіруі бойынша, алдағы аптада күн шуақты қалпын сақтайды. Жауын-шашын көбейеді, апта соңына қарай салқындық көрініс беруі ықтимал.

МӘДЕНИЕТ

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ КАНАДАДА ӨНЕР КӨРСЕТТІ

Мемлекеттік қуыршақ театры Оттавада өтіп жатқан «The First international Ottawa Puppet» фестиваліне қатысып жатыр. Өнер иелері 3-4 шілдеде Канада көрермендеріне «Ромео және Джульетта» қойылымын ұсынып, ыстық ықыласқа бөленді. Оның үстіне Қуыршақ театры – канадалық көрермендер алдында өнер көрсеткен алғашқы қазақстандық театр.

Рая
ЕСКЕНДІР



Алматы қаласы Мәдениет басқармасының өкілдері де театрдың бұл сапарынан зор үміт күтіп отырғанын жеткізді.

– Біз Қуыршақ театрының жан-жақты дамып, озық тәжірибе жинағанына үлкен мән береміз. Біздің әртістер осы маусымда Германия, Түркия және Ресейдегі бейінді мекемелерде білім алып қайтты. Бұдан бөлек, шығармашылық ұжымның жан-жақты ізденіп жұмыс істеуі үшін де барлық жағдай жасалып жатыр. Мәселен, қала әкімінің тапсырмасы бойынша, театр ғимаратын жөндеу жұмысы жүргізіліп, техникалық жабдықтары жаңғыртылған. Тағы бір жақсы жаңалық – театр маусымының басында әртістердің жалақысы 30%-ға артты. Жалпы, жемісті нәтижеге жеткізетін барлық бастамаларды қолдауға дайынбыз, – дейді қалалық Мәдениет басқармасының өкілдері.

Сонымен, өзінің 88-ші маусымын ойдағыдай аяқтаған театр ұжымы Канададағы фестивальге «Ромео мен Джульетта» спектаклін таңдады. Оның режиссері – Дина Жұмабаева. Бұл қойылым бұған дейін республикалық және халықаралық фестивальге қатысып, көптеген марапатқа ие болды. Мәселен, Болгарияда өткен «Алтын дельфин» Халықаралық театр фестивалінде «Гран-при», «Үздік ер адам рөлі» және «Үздік дебют» сыйлықтарын және «Сын – шын болсын» республикалық театр фестивалінде «Гран-при» жеңіп алған еді.



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ЖАҢА 5 ҚОЙЫЛЫМ
САХНАЛАНДЫ

Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры мерейлі 88-ші маусым шымылдығын француз жазушысы Шарль Перронның әлемге әйгілі балаларға арналған «Етік киген мысық» ертегісімен және жасөспірімдер мен ересектерге бағытталған белгілі классик қаламгер Николай Гогольдің «Шекпен» спектаклімен жапты.



Досбол
АТАЖАН

Ғасырға жуық тарихы бар Алматы Мемлекеттік қуыршақ театры үшін 88-ші маусым тағылымды қойылымдарға, зор жетістіктерге, жағымды жаңалықтарға толы сәттерімен есте қалды. Биыл қуыршақ театрының ғимараты, фойесі, сахна кеңістігі, көрермен және дайындық залдары, грим бөлмелері, гардероб, санитарлық-гигиеналық және басқа да орындар толықтай күрделі жөндеуден өтті. Әлемдік аренадағы қуыршақ театрының жаңаша келбетін қалыптастыру, халықаралық шығармашылық байланыстарды нығайту барысында театр ұжымы 88-ші маусымда Болгария, Түркия, Ресей мемлекеттерінде өткен халықаралық театр фестивалдерінде үздік атанып, жетістіктер қоржынын атаулы жүлделермен толықтырды. Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен қуыршақ театрының 12 қызметкері Германия, Түркия және Ресей елдерінде кәсіби біліктіліктерін жетілдіру мүмкіндігіне ие болып, шығармашылық шеберліктерін шетелдік білім беру орындарында шыңдап қайтты.